



ПРЕЗИДЕНТ ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

ПРЕЗИДЕНТ ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ ТИМУР СҮЛЕЙМЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ. Т.СҮЛЕЙМЕНОВ 2026 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ШІЛДЕДЕ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРДІ.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономикадағы жағдай, іскерлік белсенділік, инфляцияға әсер ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру мақсатында қабылданып жатқан іс-шаралар жөнінде баяндалды.

Тимур Сүлейменовтің баяндауынша, жылдық инфляция он ай қатарынан төмендеп, шілдеде 10,2 пайызға түсті. Бұған жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты, теңге бағамының нығайы, тұтыну белсенділігінің тұрақталуы, сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық банктің инфляцияға қарсы бірлесе қабылдаған жан-жақты іс-шаралары ықпал етіп отыр.

Ұлттық банк төрағасы Президентке экономиканы кредит беру динамикасы туралы мәлімдеді. 2026 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша банктердің бизнеске берген кредиттерінің несие портфелі бір жылда 17,1 пайызға ұлғайған. Бұл ретте шағын және орта бизнесті кредиттеу қарқыны 29,6 пайызға дейін жеделдеген. Ал тұтынушылық кредиттің өсуі жыл басындағы 21 пайыздан 13 пайызға дейін баяулаған. Бұл қабылданған пруденциялық шаралардың тиімділігін және тұтынушыларды кредиттеу қарқыны қалыпқа кел-

генін көрсетеді. Осылайша, кредит ресурстары бизнесті қаржыландыруға көбірек бағыттала бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаев валюта нарығындағы жағдайдан, Ұлттық қор мен БЖЗҚ активтерінің, сондай-ақ елдің алтын-валюта резервтерінің жай-күйінен хабарлар болды. Биыл 1 шілдедегі көрсеткіш бойынша Ұлттық қор мен алтын-валюта резервтерінің жиынтық көлемі 127,3 миллиард долларды құрады. Alatau City қаржы эжохүйесін дамыту мақсатында Ұлттық банк капиталдың жылдам әрі икемді қозғалысын қамтамасыз етуді және қаланың дамуына инвестиция тартуды көздейтін шаралар әзірледі.

Ұлттық қордың инвестициялық кірісі бірінші жартыжылдықта 2,3 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері жыл басынан бері 1,7 триллион теңгеге ұлғайып, 27,8 триллион теңге болды.

Мемлекет басшысына цифрлық қаржы активтері индустриясы мен Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту бойынша тапсырмаларының орындалу барысы таныстырылды. Трансшекаралық төлем жасау үшін стейблкоинді қолдану,

инфрақұрылымды дамыту мен токенделген мемлекеттік активтерді шығару жаңа бағыттар ретінде аталды.

Сондай-ақ төлем нарығының жаңа сегменті – лицензияланатын бірінші санаттағы төлем ұйымдары қолданысқа енгізілді. Бұл бәсекелестікті ынталандыруға мүмкіндік беріп, клиенттердің шығындарын азайтады және халық пен бизнес үшін инновациялық цифрлық сервистердің қолжетімділігін кеңейтеді.

19 шілдеден бастап Ұлттық төлем жүйесі аясында кез келген банктің клиенттеріне өзара QR арқылы төлем жасасуға және телефон нөмірі бойынша ақша аударуға мүмкіндік беретін тетік іске қосылды. Жүйе жұмыс істей бастаған сәттен бері жалпы сомасы 170 миллиард теңге болатын 6,5 миллион операция өңделді.

Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етіп, инфляцияны орта мерзімде 5 пайызға дейін төмендетуге күш салып жатыр. Кездесу соңында Президент Ұлттық банк қызметі бойынша бірқатар міндет жүктеп, инфляцияны одан әрі тұрақтандырудың маңызды екеніне назар аударды.

АЛТАУ АЛА БОЛМАСА, АСПАНДАҒЫ КЕЛЕДІ

БІЗ ӘЛЕМНІҢ ГЕОСАЯСИ АРХИТЕКТУРАСЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІП ЖАТҚАН ЗАМАНДА ӨМІР СҮРІП ОТЫРМЫЗ. БҰРЫН ҰЗАҚ БОЛАШАҚТА ЖҮЗЕГЕ АСУЫ МҮМКІН ДЕП САНАЛАТЫН ҮДЕРІСТЕРДІҢ ӨЗІ САНАУЛЫ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ШЫНДЫҚҚА АЙНАЛДЫ. ЖАҒАНДЫҚ КҮШТЕР АРАҚАТЫНАСЫ ӨЗГЕРІП, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА МЕН ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІ ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫП, ӘЛЕМДІК ТӨРТІПТІҢ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАҒИДАЛАРЫН ЖАҒАША ПАЙЫМДАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУЫНДАДЫ. МҰНДАЙ КЕЗЕҢДЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЖЕКЕ-ДАРА ӘРЕКЕТІНЕН ГӨРІ ӨЗАРА СЕНІМГЕ, ОРТАҚ МҮДДЕГЕ ЖӘНЕ ӨНІРЛІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН САЯСАТТЫҢ МАҢЫЗЫ АРТА ТҮСЕТІНІ АНЫҚ.



Қазақстан осы өзгерістерге ерте бейімделіп, ішкі саяси жаңғыру мен сыртқы саясаттағы белсенділікті өзара сабақтастыра білді. «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асыруға бағытталған реформалар елдің ішкі даму бағдарын айқындаса, теңгерімді әрі көпвекторлы дипломатия Қазақстанның халықаралық аренадағы орнын жаңа деңгейге көтерді. Біз мұны алысқа бармай-ақ Қазақстан Президентінің шет мемлекет басшыларымен кездесу графигінен де аңғара аламыз.

Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі Орталық Азияның тарихи маңызы ерекше.

Жалғасы 4-бетте

ҚОҚЫСТАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

ҚАЗАҚСТАН ЖЫЛ САЙЫН МИЛЛИОНДАҒАН ТОННА ҚАЛДЫҚҚА «БАТЫП» ЖАТЫР. АСТАНА, АЛМАТЫ МЕН ШЫМКЕНТТІҢ ПОЛИГОНДАРЫ ШЕГІНЕ ЖЕТТІ. ЕГЕР ЖҮЙЕ ӨЗГЕРМЕЙ, НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ СОЗЫЛА БЕРСЕ, ТОПЫРАҚ ПЕН СУ УЛАНЫП, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КАТАСТРОФАҒА АЙНАЛАДЫ. ӨРКЕНИЕТТІ ӘЛЕМ БҰЛ ТЫҒЫРЫҚТАН ШЫҒУДЫҢ ЖОЛЫН ӨЛДЕҚАШАН ТАПҚАН. БІРІ ПОЛИГОНҒА ҚОҚЫС КӨМУДІ ЗАҢМЕН ТҮЙІП, 99 ПАЙЫЗ ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТА ӨНДЕСЕ, БІРІ МЕТАННАН БИОГАЗ ӨНДІРІП, РЕСУРСАРДЫ ҚАЙТА АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗДІ. АЛ БІЗДІҢ ЕЛ БҰЛ ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒА АЛА МА, ӨЛДЕ ТАЯУ КЕЛЕШЕКТЕ ЖАРАМСЫЗ ҚОҚЫС АЛАҒДАРЫНЫҢ АСТЫНДА ҚАЛА МА?

ҚАҒАЗДАҒЫ ҚҰР САНДАР

Әңгімемізді еліміздегі қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондардың жағдайына талдау жасаудан бастасақ. Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен өңірлік әкімдіктердің ресми деректері саладағы инфрақұрылымның ауыр дағдарысты бастан кешіп отырғанын айғақтайды. Ел аумағындағы 3 мыңға жуық полигонның небәрі 20-21 пайызы ғана санитарлық әрі экологиялық стандарттарға сай келеді. Қалған 80 пайызға жуық қоқыс алаңы заң талаптарын орындамай-ақ жұмыс істейді. Бұл нысандардың басым бөлігінде топырақ пен жерасты суын уланудан қорғайтын экрандар, фильтрат жинау және метан газын бұру жүйелері, тіпті қарапайым таразылық бақылау мен дезинфекция тоғандары атымен жоқ.

Жалғасы 7-бетте

ТАҢДАУ, ТАБЫС, ТӘУЕКЕЛ.

зейнетақы жүйесінде НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

2027 ЖЫЛДАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ МЕН МІНДЕТТІ КӘСІПТІК ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫНЫҢ НАҚТЫ АУДАРЫЛҒАН СОМАСЫН ҒАНА САҚТАУҒА КЕПІЛДІК БЕРМЕК. ЯҒНИ, ШОТҚА ТҮСКЕН ҚАРАЖАТ ЖОҒАЛМАЙДЫ, БІРАҚ ОНЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІ ҚОРҒАЛМАЙДЫ. ҚАРАПАЙЫМ СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, ШОТТАҒЫ 100 МЫҢ ТЕҢГЕ САҚТАЛҒАНЫМЕН, БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН КЕЙІН ИНФЛЯЦИЯ ҚҰНСЫЗДАНДЫРҒАН СОЛ АҚШАҒА БҰРЫНҒЫДАЙ ТАУАР НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТ САТЫП АЛУ МҮМКІН БОЛМАУЫ ЫҚТИМАЛ.

2»



ДОМБЫРА ҮШІН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН СЕМИХ

СЕМИХ ИПЕК ТҮРКИЯНЫҢ ЭРЗУРУМ ҚАЛАСЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІНДЕ ДОМБЫРАҒА ҚЫЗЫҒА БАСТАҒАН. КЕЙІН ДОСЫ СҮЙГЕ ТАРТҚАН ДОМБЫРАНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ҮЙРЕНІП, УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ҰЛТТЫҚ АСПАБЫМЫЗҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТА ТҮСКЕН. ТҮРКИЯ МЕН ӘЗЕРБАЙЖАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРІП, ТӨЛ ӨНЕРІМІЗДІ ДӨРІПТЕГЕН СЕМИХ КӨП ЕЛДІҢ ТУЫНДЫЛАРЫН ДОМБЫРАДА ШЫРҚАУДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН. ЖЫЛДАР БОЙЫ YOUTUBE ПАРАҚШАСЫНА ЖҮКТЕГЕН ВИДЕОЛАРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ОЛ ЕУРОПА, КАВКАЗ, ИРАН ЕЛДЕРІНЕ КОНЦЕРТ БЕРУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАН. ДОМБЫРА ҮШІН ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІП КЕЛГЕН СЕМИХКЕ ХАБАРЛАСЫП, ӘНГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

8»



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ САЛЫМШЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ҚАТАР АРТТЫРАТЫН ӨЗГЕРІСТЕР КҮШІНЕ ЕНБЕК-7 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП АЗАМАТТАР МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНЫҢ 100 ПАЙЫЗЫНА ДЕЙІН ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУШЫЛАРҒА СЕНІП ТАПСЫРА АЛАДЫ. АЛ КЕЛЕР ЖЫЛҒЫ 1 ҚАНТАРДАН БАСТАП МЕМЛЕКЕТ ЖИНАҚТЫҢ КІРІСТІЛІГІ ИНФЛЯЦИЯДАН ТӨМЕН БОЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТЫ ӨЗІ ЖАБУДЫ ТОҚТАТАДЫ. ОСЫЛАЙША, ЖИНАҚТЫҢ САТЫП АЛУ ҚАБІЛЕТІН ҚОРҒАУҒА ЕНДІ МЕМЛЕКЕТ ЖАУАП БЕРМЕЙДІ, САЛЫМШЫ ӨЗІ ТӘУЕКЕЛ ЕТЕДІ.

Ділда УӘЛИБЕК

Бұл өзгерістер 2026 жылғы 11 маусымда қабылданып, Әлеуметтік кодекске енгізілді. Реформаның негізгі үәжі түсінікті: азаматқа басқарушы компания мен инвестициялық стратегияны таңдау құқығы берілсе, сол таңдаудың нәтижесіне де өзі жауап беруі керек. Алайда ресми деректер салымшылардың көбі мұндай таңдау жасауға әзірге асықпай отырғанын көрсетеді. Сондықтан мәселе тек заңдағы жаңа мүмкіндікке емес, халықтың оны қаншалықты пайдалана алатынына келіп тірелмек.

МЕМЛЕКЕТ ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТПАҚ?

Қазіргі қолданыстағы тәртіп бойынша, азамат зейнетке шыққан кезде оның жүйеге ақша құйған барлық уақыттағы инвестициялық кірісі жинақталған инфляциядан төмен болса, мемлекет айырмашылығын бюджеттен өтейді. Бұл тетік 2003 жылы енгізілген. Ол кезде салымшының басқарушы компанияны немесе инвестициялық стратегияны өз бетінше таңдау мүмкіндігі болған жоқ.

2027 жылдан бастап мемлекет міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты аударылған сомасын ғана сақтауға кепілдік бермек. Яғни, шотқа түскен қаражат жоғалмайды, бірақ оның сатып алу қабілеті қорғалмайды. Қарапайым сөзбен айтқанда, шоттағы 100 мың теңге сақталғанымен, бірнеше жылдан кейін инфляция күнсыздандырған сол ақшаға бұрынғыдай тауар немесе қызмет сатып алу мүмкін болмауы ықтимал.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бұл шешімді мемлекеттік қаражатты әділ бөлу қағида-сымен түсіндіреді. Ведомствоның ұстанымынша, салық төлеушілердің ақшасы

Елдегі зейнеткерлер саны шамамен 2,5 млн адам екенін ескерсек, өтемақы барлық зейнеткерге төленбейді. Ол тек жүйеге қаражат салған кезеңдегі жинақталған кірісі инфляциядан төмен болған азаматтарға беріледі. Соған қарамастан, жыл сайын ондаған мың адамның бұл төлемге мұқтаж болуы жалты жүйенің ұзақмерзімді нәтижесі мен жеке салымшының көрсеткіші әрдайым бірдей бола бермейтінін көрсетеді.

азаматтың жеке басқарушыны таңдауынан туындаған нәтижені өтеуге жұмсалмауы керек.

Дегенмен басты сұрақ осы тұста туындайды. Жеке басқарушыны таңдау азаматтың құқығы болғанымен, міндеті емес. Қазір салымшылардың басым бөлігі жинағын Ұлттық Банктің басқаруында қалдырып отыр. Соған қарамастан, жинағын басқа жаққа ауыстырғандар ғана емес, барлық салымшы инфляциядан қорғалмайтын болады.

КІМ ҰТЫЛАДЫ, КІМ ҰТАДЫ?

Инфляцияны бюджет қаражатымен жабудың іс жүзіндегі маңызын статистикалық мәліметтерден анық байқауға болады. Еңбек министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы 108 156 адамға 16 млрд теңгеден астам өтемақы төленген. Бір адамға шаққандағы орташа сома – шамамен 148 мың теңге. 2026 жылғы қаңтар-шілдеде тағы 61 682 адамға 9,7 млрд теңгеге жуық қаражат берілген. Бұл кезеңде бір алушыға орта есеппен шамамен 157 мың теңгеден келген. Ал 2024 жылы инфляция мен кірістілік арасындағы айырманы өтеуге 27 млрд теңге жұмсалған.

Елдегі зейнеткерлер саны шамамен 2,5 млн адам екенін ескерсек, өтемақы барлық зейнеткерге төленбейді. Ол тек жүйеге қаражат салған кезеңдегі жинақталған кірісі инфляциядан төмен болған азаматтарға беріледі. Соған қарамастан, жыл сайын ондаған мың адамның бұл төлемге мұқтаж болуы жалпы жүйенің ұзақмерзімді нәтижесі мен жеке салымшының көрсеткіші әрдайым бірдей бола бермейтінін көрсетеді.

БЖЗҚ мәліметінше, жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылғаннан бері инвес-

Таңдау, абыс, тәуекел.

Зейнетақы жүйесінде

тициялық кірістілік 1 109,05 пайыз болса, осы кезеңдегі инфляция 995,04 пайыз болған. Демек ұзақ мерзімде жалпы кірістілік инфляциядан 114 пайызға жоғары болды. 2026 жылғы 1 маусымдағы басқа есепте де осыған ұқсас нәтиже көрсетілген: 1998 жылдан бергі жалпы кірістілік 1 095,39 пайыз болса, инфляция 986,70 пайыз болған. Екі көрсеткіш әр уақыттағы есепке негізделгенімен, екеуі де жүйенің ұзақ мерзімде жалпы кірісі баға өсімінен жоғары болғанын аңғартады.



Инвестициялық табыстың жинақ құрылымындағы үлесі де елеулі. 2014 жылғы сәуірден 2026 жылғы 1 маусымға дейін Ұлттық Банк тапқан таза инвестициялық кіріс 10,94 трлн теңгеге жеткен. Төлемдерді ескергенде, бұл салымшылар жинағының 41,2 пайызына тең.

2025 жылғы маусымнан 2026 жылғы мамырға дейін міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналардан құралған активтерге 2,71 трлн теңге инвестициялық кіріс есептеліпті. Осы кезеңдегі кірістілік 11,46 пайыз болды. Жұмыс берушінің міндетті жарналары есебінен қалыптасқан активтер 115,29 млрд теңге табыс әкеліп, кірістілік 17,12 пайызға жетті.

Дегенмен жиынтық көрсеткіш барлық салымшының ақшасы әр кезеңде инфляциядан бірдей қорғалды дегенді білдірмейтінін ескеру қажет. Салымшының жүйеге қосылған уақыты, қаншалықты жиі жарна аударғаны және зейнетке шығатын уақыты әртүрлі. Сондықтан жалпы портфельдің ұзақ мерзімдегі нәтижесі оң болғанымен, жекегеен салымшылар бойынша инфляциялық айырма туындауы мүмкін. Өтемақы алған азаматтар саны осы айырмашылықты көрсетеді.

ЖИНАҒЫН ЖЕКЕГЕ ӨТКІЗГЕНДЕРДІҢ НӘТИЖЕСІ НЕНДЕЙ?

2026 жылғы 1 шілдедегі мәлімет бойынша, кейінгі 12 айда Ұлттық Банктің басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі 10,29 пайыз болды. Сол кезеңдегі инфляция – 10,3 пайыз. Яғни, кірістілік пен баға өсімі шамалас болған.

Жеке басқарушылардың нәтижесі әркелкі. Alatau City Invest – 13,88 пайыз, BCC Invest – 11,41 пайыз, Centras Securities – 18,66 пайыз, Halyk Finance – 11,69 пайыз, Halyk Global Markets 12,37 пайыз кірістілік көрсеткен. Tansar Capital бойынша салыстырмалы дерек ол кезде жарияланбаған.

Ең жоғары және ең төмен нәтиженің арасы 8 пайыздық тармақтан асады. Centras Securities көрсеткіші Ұлттық Банктің кірістілігінен 8,37 пайыздық тармаққа жоғары. Бұл жеке басқарушылар арасында табысты арттыру мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Сонымен бірге бір жылдық нәтижені ұзақ мерзімдегі тиімділік деп қабылдаған жөн бола бермейді. Қаржы құралдарының құны, валюта бағамы және нарықтағы жағдай өзгерген сайын басқарушылардың көрсеткіші де ауысып отырады. Сондықтан портфельді тек соңғы 12 айдағы табысқа қарап таңдау жаңсақ шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін.

Жеке басқарушылар үш түрлі инвестициялық портфель ұсынады. Кі (12) портфелі барлық жастағы салымшыларға арналған және оның ең төменгі кірістілігі кейінгі 12 ай бойынша бағаланады. Кі (36) зейнетке шығуына кемінде үш жыл қалған азаматтарға ұсынылады,

нәтижесі 36 аймен өлшенеді. Ал Кі (60) зейнетке шығуына 13 жылдан астам уақыт бар салымшыларға есептелген және бес жылдық көрсеткішке сүйенеді. Бұлайша жіктеу зейнетақы қаражатын басқаруда жас пен инвестициялық мерзімнің маңызды екенін аңғартады. Зейнетке шығуына аз уақыт қалған адамға жиғанын сақтап қалу маңызды болуы мүмкін. Ал еңбек жолын енді бастаған азамат ұзақ мерзімдегі әрі құбылмалы стратегияны таңдай алады.

ЖЕКЕ БАСҚАРУШЫ ШЫҒЫНҒА ҰШЫРАТСА...

Бүгін ретте жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға жүктелген жауапкершілік сақталады. Егер компанияның кірістілігі белгіленген ең төменгі көрсеткіштен төмен түссе, ол айырманы өз капиталы есебінен өтеуге міндетті.

Алайда бұл кепілдік инфляцияға байланысты есептелмейді. Ең төменгі кірістілік Қазақстан қор биржасының көрсеткіштері, мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ әлемдік акциялар мен облигациялар индекстері кіретін құрамдас-тырылған нарықтық өлшеммен салыстырылады. Демек, басқарушы нарықтан айтарлықтай төмен нәтиже көрсетсе, осы үшін жауап береді, бірақ оның табысы инфляциядан төмен болғаны үшін қосымша ақша төлемейді.

2021 жылдан бері жеке басқарушылардың ешқайсысы мұндай айырмашылықты өтемеген. Барлық компания белгіленген талаптарды орындап келген. Дегенмен олардың басқаруындағы қаражат көлемі шарық болғанын ескеру қажет. Актив көлемі күрт көбейген жағдайда бұрынғы нәтижені сақтап қалу мүмкіндігі неғайбыл.

Жалпы, 2026 жылғы 1 маусымда жеке басқарушылардың қарамағындағы зейнетақы активтері шамамен 110 млрд теңге болған. Бұл – сол кездегі 27,7 трлн теңгелік жалпы зейнетақы жинақтың небәрі 0,4 пайызы. Зейнетақы қаражатының бір бөлігін жеке басқаруға беру мүмкіндігі 2021 жылдан бері бар. Соған қарамастан, оны шамамен 137 мың адам ғана пайдаланған. БЖЗҚ-да 12,6 млн жеке зейнетақы шоты бар.

Бүгін деректерді саралай келе мынадай қорытындыға келуге болады. Біріншіден, 50 пайыздық шектеудің алынып тасталуы жеке басқарушыларға бірден қомақты қаражат келеді деген сөз емес. Екіншіден, азаматтардың қызығушылығы жеке қорларға ауған жағдайда басқарушы компаниялар әлдеқайда көп қаражатты басқаруға дайын болуы керек. Atlas Capital компаниясының инвестициялар жөніндегі директоры Асқар Ахмедов салымшылардың зейнетақы жинағын жеке басқаруға беруге аса қызықпайтынын БЖЗҚ-дағы тұрғын үй мен емделуге қаражат алу мүмкіндігімен, басқарушы компаниялардың танымал болмауымен және қаржылық сауат деңгейімен байланыстырады. Жеке басқарушылардың көбі банк топтарына қарайды. Halyk Finance пен Halyk Global Markets Халық банкімен, BCC Invest Банк ЦентрКредитпен байла-

нысты. Нарықта банк топтарына кірмейтін компаниялар да бар. Сондықтан реформа бәсекені күшейтуі мүмкін, бірақ бәсеке компаниялар санына ғана емес, инвестициялық стратегиялардың сапасына, комиссиялардың ашықтығына және бірнеше жылдық тұрақты нәтижеге сүйенуі қажет.

БҰРЫНҒЫ ТӘЖІРИБЕДЕН ТҮЙГЕНІМІЗ НЕ?

2013 жылға дейін елімізде халық мемлекеттік емес зейнетақы қорларына да ақша салатын. Қорлар инвестициялық саясатты да өздері жүргізді. Кейін активтердің сақталуына байланысты алаң күшейіп, барлық жинақ бірнұғай мемлекеттік қорға біріктірілді.

Активтерді БЖЗҚ-ға өткізу кезінде тәуелсіз аудит бағалы қағаздардың бір бөлігін тәуекелі жоғары активтер деп таныды. Соның салдарынан шамамен 94-100 млрд теңге есептен шығарылған. Бұл тәжірибе қоғамның жеке жинақтарға сақтықпен қарауының бір себебі болып отыр. Дегенмен жаңа жүйе бұрынғы модельді айна қатесіз қайталамайды. Зейнетақы ақшасы жеке компанияның меншігіне берілмейді, БЖЗҚ есебінде сақталады. Басқарушы тек оны инвестициялау құқығын алады және нарықтық өлшеммен төмен нәтиже көрсетсе, өз капиталымен жабады.

Соған қарамастан, 100 пайыздық лимит пен инфляциялық кепілдіктің қатар өзгеруі бақылау сапасына қойылатын талапты күшейтеді. Салымшыға таңдау беру үшін компаниялардың кірістілігін тең салыстыратын, тәуекел деңгейін түсінікті жеткізетін және шығын болған жағдайда жауапкершілік тетігін нақты түсіндіру қажет болады.

МӘСЕЛЕ ТЕК КІРІСТІЛІКТЕ ЕМЕС

Экономист Меруерт Махмұтованың айтуынша, Қазақстандағы 9,4 млн адамдық жұмыс күшінің шамамен жартысы, яғни 4,7 млн азамат БЖЗҚ-ға тұрақты жарна аудармайды. Бұл зейнетақы жүйесіндегі тәуекелдің инвестициялық кірістіліктен де ауқымды екенін көрсетеді.



Жинаққа тұрақты ақша түспесе, жоғары кірістіліктің өзі болашақта жеткілікті зейнетақы қалыптастыра алмайды. Әсіресе, 1998 жылға дейін еңбек өтілі жоқ азаматтар үшін бұл маңызды. Олар зейнет жасына жеткенде бюджеттен төленетін зейнетақыға емес, негізінен өз жинағына қарай зейнетақы алады.

Зейнетақы аннуитетін таңдайтын азаматтар да ұзақмерзімді салдарды есептеуі керек. Қаржыгер Сұлтан Елемесов келтірген мысалда аннуитет төлемі жыл сайын 8 пайызға өседі. Егер инфляция 10 пайыз деңгейінде сақталса, төлемнің сатып алу қабілеті жыл сайын шамамен 2 пайыздық тармаққа кемиді. Оның есебіне, айына 36 мың теңге көлеміндегі бастапқы төлемнің 20 жылдан кейінгі нақты құны бүтінгі бағамен шамамен 24 мың теңгеге тең болуы мүмкін. Бұл кез келген қаржы құра-

лының атаулы табысы мен нақты табысын ажырату қажет екенін көрсетеді. Қағаз жүзінде төлем көбейгенімен, ол инфляциядан баяу өссе, адамның тұрмыс деңгейі бұрынғы қалпында сақтай алмайды.

Бұдан бөлек, демография мәселесі де зейнетақы жүйесіне айтарлықтай ықпал етеді. Қазақстан халқының 42,9 пайызы 25 жасқа толмаған, 47,5 пайызы – 25 пен 65 жас аралығында, ал 9,6 пайызы 65 жас-тан асқан. Қазір жастардың үлесі жоғары болғанымен, алдағы онжылдықтарда жас құрылымы өзгереді. Өмір сүру ұзақтығы 2021 жылғы 70,23 жас-тан 2025 жылы 75,97 жасқа дейін өсті. Осы аралықта бір айып-шаққандағы бала саны 3,32-ден 2,57-ге дейін төмендеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша, 2050 жылы бұл көрсеткіш 2,39-ға дейін азаюы мүмкін. БЖЗҚ мен БҰҰ болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай Қазақстан халқы 26,5 млн адамға жетіп, 60 жас-тан асқан азаматтардың үлесі 18,8 пайыз болады. Бұл – шамамен әрбір бесінші тұрғын деген сөз. Елде жастағы бір адамға шаққандағы еңбек жасындағы тұрғындар саны да азайып келеді. 2012 жылы 65 жас-тан асқан бір адамға 25-64 жас аралығындағы 7,68 адам-нан келсе, 2025 жылы бұл көрсеткіш 4,95-ке түсті. 2050 жылға қарай 3,42-ге дейін төмендеуі мүмкін.

Демек, болашақта әлеуметтік жүйеге түсетін салмақ артпайды. Сәйкесінше, тұрақты жарна құю, ұзақ мерзімдегі инвестициялық кіріс және жинақтың нақты құнын сақтау басты мәселеге айналады.

Осылайша, жаңа ереже салымшыға жинағын басқаруға көбірек мүмкіндік береді. Жеке компаниялар арасында таңдау жасау бәсекені күшейтіп, инвестициялық стратегиялардың аясын кеңейтуі мүмкін. Кейбір басқарушылардың кейінгі 12 айдағы нәтижесі Ұлттық Банктің көрсеткішінен жоғары болуы да бұл мүмкіндіктің негізсіз емес екенін көрсетеді.

Екінші жағынан, инфляция айырмашылын жабуға енді кепілдік берілмейтіні жинақтың нақты құнына қатысты тәуекелді азаматтың өзіне жүктейді. Ал салымшылардың өте аз бөлігі ғана жеке басқарушыны таңдап отырған қазіргі жағдайда бүткіл жүйені жеке жауапкершілік қағи-дасына көшіру қаржылық сауат пен ашық ақпаратқа деген сұранысты арттырады.

PS:

Қорыта айтқанда, зейнетақы жинағын басқарудағы өзгерістер азаматтарға таңдау еркіндігін бергенімен, инвестициялық тәуекел мен жауапкершілікті де арттырады. Сондықтан реформаның тиімділігі жеке басқарушылардың қаншалықты кіріс әкелетіне ғана байланысты деу сыңаржақ пайым болмақ. Қаржы нарығының ашықтығы, ол қалай бақыланатыны, халықтың қаржылық сауаты мен зейнетақы жарналарының тұрақты аударылуы сияқты мәселелердің маңызы да одан бір мысқал кем емес.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ХАЛҚЫМЕН КЕЗДЕСТІ



«Әділет» партиясының сайлауалды штабы Қонаев қаласында облыс тұрғындарымен кездесті. Жиында жұмыс орындарын көбей-

ту, облыс орталығын дамыту, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, салық ережелері және балалардың қауіпсіздігі талқыланды.

Партия төрағасы Айбек Дәдебай өңірдегі өндіріс, логистика, туризм мен ауылдық аумақтарды дамыту ұсыныстарын таныстырды. Кандидат Рауан Кенжеханұлы өңірлерде жұмыс орындарын құру мәселесіне тоқталды.

Кәсіпкерлер палатасының өкілі Жанна Қырғызалықызы салық заңнамасындағы өзгерістердің бизнеске әсері туралы сұрақ қойды. Кандидат Ренат Бектұров салық жүйесін қарапайым әрі түсінікті ету және әкімшілік рәсімдерді азайту жөніндегі ұсыныстарды айтты.

Жиында қауіпсіз және инклюзивті орта құру, білім, медицина мен әлеуметтік көмектің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ әлеуметтік нысандар салу жайы да сөз болды.

ЖСДП КАНДИДАТТАРЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕСІН ТЫҢДАДЫ

ЖСДП атынан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Бұланды ауданы тұрғындарымен кездесуін өткізді. Кітапханада өткен жиынға қоғамдық ұйым өкілдері, жастар және еңбек ұжымдарының мүшелері қатысты.

Кандидаттар Ілияс Жанғали мен Ару Алшынбай «Прогресс жолындағы 20 белес» бағдарламасының өңірлерді дамытуға қатысты бағыттарын таныстырды. Кездесуде экономика, ауылдарды қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту, жұмыс орындарын ашу, білім мен медициналық қызметтердің қолжетімділігі де сөз болды.

Сұрақ-жауап барысында тұрғындар жолдардың жағдайы, ауызсу мен коммуналдық инфрақұрылым-



ның сапасы, медициналық кадрлар тапшылығы, жастарды жұмыспен қамту және бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы туралы сұрақтар қойды. Сонымен қатар ауыл кәсіпкерлігі, тұрғын үй, интернет

байланысы, әлеуметтік нысандар және зейнеткерлер мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау мәселелері көтерілді. Партия өкілдері ұсыныстардың назарға алынатынын мәлімдеді.

«БАЙТАҚ»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ТӘРБИЕДЕН



«Байтақ» жасылар партиясының хатшысы, Құрылтай депутаттығына кандидат Владимир Мартель Алматыдағы №80 мектептің педагогикалық ұжымымен кездесті. Сайлауал-

ды науқан аясында өткен жиынға 30-ға жуық мұғалім қатысты.

Кандидат партияның негізгі бағыттары мен бағдарламасындағы білім беру және қоршаған ортаны

қорғауға қатысты ұсыныстарды таныстырды. Одан кейін кездесу ашық пікір алмасу форматында жалғасты.

Педагогтер оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру, балалардың табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру және мектептегі экологиялық мәдениетті дамыту мәселелерін көтерді. Сондай-ақ мектеп аумағын абаттандыру, ағаш отырғызу, көгалдандыру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру және оған оқушыларды тарту жөнінде ұсыныстар айтылды.

Кездесуде мұғалімдердің еңбек жағдайы мен әлеуметтік қамсыздандырылуы да талқыланды. Ұжым өкілдері педагогтердің зейнет жасын төмендету мәселесін көтеріп, осы бағыттағы пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді.

ҚХП ДӘРІГЕРЛЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ОЙ БӨЛІСТІ

Шымкенттегі №2 қалалық ауруханада ҚХП-дан Құрылтай депутаттығына кандидаттардың медицина қызметкерлерімен кездесуі өтті. Жиынға бюджеттік ұйымдарда еңбек ететін 50-ден астам дәрігер мен медицина маманы қатысты.

Кездесуде денсаулық сақтау қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы мен кәсіби мәртебесін арттыруға қатысты ұсыныстар таныстырылды. Кандидат Ләззат Ақтаева медицина саласындағы еңбек жағдайы, мамандарды әлеуметтік қолдау және дәрігерлерге түсетін әкімшілік жүктеме мәселелеріне тоқталды.

Партия өкілдері медицина қызметкерлерін қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету, жеңілдетілген ипотека енгізу және жасанды



интеллектуалды қолданылатын медициналық қызметтің цифрлық жүйесін құру жөніндегі ұсыныстарын айтты. Сондай-ақ дәрігерлер толтыратын есептер мен өзге бюрократиялық

рәсімдерді қысқарту мәселесі де көңілге қонымды талқыланды.

«АУЫЛ» ПАРТИЯСЫ «ТАЗА АУЫЛ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫН ӨТКІЗДІ

Халықаралық жастар күніне орай «Ауыл» партиясы «Таза Ауыл» экологиялық акциясын ұйымдастырды. Іс-шараға партия төрағасы Қайрат Айтуғанов, Құрылтай депутаттығына кандидаттар, жастар, қоғамдық ұйымдар өкілдері мен партия белсенділері қатысты. Акцияға 350-ден астам адам жиналды.

Қатысушылар бұлақ маңындағы аумақты қоқыстан тазартып, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар бұлақ көздерін ашу шарасы өткізіліп, табиғи нысанның санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Қайрат Айтуғанов су көздерін сақтау мен табиғи аумақтарды қорғау мәселесіне тоқталды.



Партия мәліметінше, «Таза Ауыл» акциясы өңірлік филиалдардың бастамасымен еліміздің барлық аймағында өтіп жатыр. Бүгінге дейін республика бойынша 100 акция

ұйымдастырылып, елді мекендерді абаттандыру, табиғи аумақтарды сақтау және жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүргізілген.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

«АҚ ЖОЛДЫҚТАР» СУСЫН ШЫҒАРАТЫН КӘСІПОРЫНҒА БАРДЫ

«Ақ жол» демократиялық партиясының штабы Павлодардағы «Жана Роса» кәсіпорнына барды. Штаб мүшелері өндірістік цехтарды аралап, азық-түлік және алкогольсіз сусындар шығару үдерісімен танысты.

Кәсіпорында 200-ден астам адам еңбек етеді. Зауыт қазақстандық нарыққа азық-түлік өнімдері мен алкогольсіз сусындар шығарады. Кездесуде кәсіпорынның жұмысы, өндірісті дамыту және жұмыс орындарын сақтау мәселелері талқыланды.

Жиында партия төрағасы Дания Еспаева Құрылтай сайлауына арналған бағдарламаның экономикалық бағыттарын таныстырды. Ол кәсіпкерлікті дамыту, отандық өндіріштерді қолдау, бизнес мүддесін қор-



ғау және экономиканың нақты секторына жағдай жасау жөніндегі ұсыныстарға тоқталды.

Кәсіпорын қызметкерлері өндірістің жағдайына, бизнесті жүргізуге және отандық өнімнің бәсеке-

ге қабілеттілігін арттыруға қатысты сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді. Тараптар кәсіпкерлер мен еңбек ұжымдары көтерген мәселелерді шешу жолдары жөнінде пікір алмасты.

RESPUBLICA ШТАБЫ «КУБЛЕЙ» КӘСІПОРНЫНЫҢ ҰЖЫМЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Respublica партиясының сайлауалды штабы Оралдағы «Кублей» ет өңдеу кәсіпорнына барды.

Кездесуде зауыттың санитарлық-қорғау аймағындағы тұрғын үй құрылысына байланысты мәселе сөз болды. Санитарлық талаптар кәсіпорын жұмысына кедері келтіріп, сот даулары бірнеше жылға созылған. Соның салдарынан зауыт сәйкестік сертификаттарынан айырылып, өндірістің тоқтау қаупіне тап болған.

Партия мәліметінше, 2023 жылы оның басшылығы кәсіпорын ұжымымен кездесіп, мәселені жергілікті органдар мен Үкімет өкілдерімен талқылаған. Кейін Денсаулық сақтау министрлігі бұрыннан жұмыс істейтін кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарын



қайта қарауға мүмкіндік беретін бұйрық қабылдаған.

Штаб мүшелері ұжымға партия бағдарламасындағы отандық өнді-

рісті қолдау, салық жүктемесін азайту және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға қатысты ұсыныстарын таныстырды.

Алтау ала болмаса, аспандағы келеді

Басы 1-бетте

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЖАҢА ТАРИХИ МИССИЯСЫ

XXI ғасырдың алғашқы ширегі аяқталар тұста Орталық Азия әлемдік саясаттың шеткері аймағы деген түсініктен біртіндеп арылып, Еуразия кеңістігінің стратегиялық маңызды орталығына айналып келеді. Бұған өңірдің географиялық орналасуы, табиғи ресурстары, энергетикалық әлеуеті, демографиялық өсімі, жаңа нарықтары және Азия мен Еуропаны жалғайтын көлік бағыттарының тоғысында орналасуы тікелей әсер етуде.

Әлемнің ірі мемлекеттері мен технологиялық компанияларының Орталық Азияға қызығушылығының артуы да кездейсоқ емес. Геосаяси текетіретстер күшейіп, дәстүрлі логистикалық бағыттар қайта қаралып жатқан кезеңде қауіпсіз әрі тиімді сауда жолдарына деген сұраныс арта түсті. Энергетика мен азық-түлік қауіпсіздігі, су ресурстары, сирек кездесетін металдар, көлік дәліздері сияқты мәселелер өңірдің халықаралық маңызын бұрынғыдан да күшейтті.

Мұндай жағдайда Орталық Азия мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы жай ғана жақсы көршілік қатынас емес, стратегиялық қажеттілікке айналып отыр.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңір мемлекеттерінің өзара сенімі мен ықпалдастығын XXI ғасырдағы Орталық Азияның басты артықшылықтарының бірі ретінде қарастырып келеді. Оның негізінде бес мемлекеттің тарихи тағдыры, мәдениеті, дәстүрі мен экономикалық мүдделерінің өзара сабақтастығы жатыр.

Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстанның өз мәселелерін диалог арқылы шешуе ұмтылысы – өңірдің жаңа саяси мәдениетінің қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Мемлекет басшыларының консультативтік кездесулерінің тұрақты институтқа айналуы осы үдерістің маңызды нәтижесі болды. Бұрын күрделі саналатын шекара, су, энергетика, сауда және көлік мәселелері келіссөздер арқылы шешіле бастады.

Бұл – Орталық Азияның халықаралық саясаттың объектісі болып қалуы қаламайтынын, керісінше, өз тағдырын өзі айқын-дәйіп дербес субъект болуға ұмтылысының көрінісі.

«АЛТАУ АЛА БОЛМАСА...»

Өңірлік ынтымақтастықтың географиясы кеңейіп келе жатқаны да назар аударуға тиіспіз. Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен қатар Әзербайжанмен байланысты күшейтуі Каспий арқылы тұтас геоэкономикалық кеңістіктің қалыптасуына мүмкіндік беріп отыр.

Каспий бұрын белгілі бір дәрежеде табиғи шекара ретінде қабылдана, бүгін ол Шығыс пен Батысты жалғайтын стратегиялық көпірге айналды. Орталық Азия мен Әзербайжан арасындағы экономикалық, көлік-логистикалық және инвестициялық байланыстардың нығаюы осы өзгерістің айқын белгісі.

Сондықтан «Алтау ала болса, ауыздағы сөкетеді» деген халық даналығын «Алтау ала болмаса, аспандағы келеді» деп тұжырасақ қазіргі жағдайға дәл келетіндей. Алты мемлекеттің өзара сенім мен прагматикалық мүддеге сүйенген ынтымақтастығы өңірдің халықаралық салмағын арттыра алады.

Мұның астарында тек бүгінгі экономикалық есеп емес, тарихи сабақтастық та бар.

Орталық Азияның өркениеттік тарихына көз жүгіртсек, бұл кеңістіктің Шығыс пен Батысты жалғанған маңызды көпір болғанын көреміз. Алтын Орда дәуірінде Еуразияның ұлан-ғайыр даласы сауда жолдары, қалалар, мәдениеттер мен өркениеттер тоғысқан кеңістікке айналды. Керуен жолдары сол



кезеңдегі экономикалық байланысты қамтамасыз етсе, бүгін олардың орнын заманауи теміржолдар, автожолдар, теңіз порттары және цифрлық платформалар басып отыр. Тайауда ғана Каспий теңізінің түбінен өткізілген кабельдік құбыр соның бір көрінісі. Яғни, тарихтағы географиялық артықшылық бүгін жаңа мазмұнға ие болды.

ГЕОГРАФИЯДАН ГЕОЭКОНОМИКАҒА

Қазақстанның қазіргі даму стратегиясын түсінудің маңызды кілттерінің бірі де осында. Еліміздің Ұлы Жібек жолының бойындағы географиялық орналасуы XXI ғасырда жаңа экономикалық мүмкіндікке айналып отыр.

Қазақстан Еуразияның дәл ортасында орналасқан мемлекет ретінде Қытайды Еуропамен, Орталық Азияны Кавказбен және Каспий өңірін халықаралық нарықтармен байланыстыратын көлік бағыттарының маңызды буынына айналып келеді.

Әлемдік жеткізу тізбектерінің қайта құрылуы бұл артықшылықты одан әрі күшейтті. Сондықтан көлік инфрақұрылымы – қазір жай ғана күре жол мен теміржол өткелі емес, экономикалық қауіпсіздік пен ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды факторы есептеледі.

Осы тұрғыдан алғанда, Орта дәліздің – Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызы ерекше.

Қытайдан басталып, Қазақстан арқылы Каспий теңізіне, одан әрі Әзербайжан, Грузия және Түркия арқылы Еуропаға шығатын бұл бағыт Еуразиядағы баламалы әрі перспективалы көлік желілерінің біріне айналып келеді.

Қазақстан мұнда транзиттік аумақ қана болуды алдына мақсат етіп қойып отырмағаны түсінікті. Ел халықаралық жүк ағындары өтетін кеңістіктен толыққанды логистикалық хабқа айналуға ұмтылып отыр. Бұл ретте Транскаспий және Зангазур коридорының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстан бастамашыл топтың ішіне кіретін Ибраһим келісімінің де маңызы зор.

Ақтау және Құрық порттарының қуатын арттыру, контейнерлік терминалдарды жаңғырту, теңіз флотын дамыту, теміржол инфрақұрылымын жетілдіру, шекаралық өткізу бекеттерінің мүмкіндігін кеңейту – осы үлкен стратегияның құрамдас бөліктері.

Ал жуырда Мемлекет басшысының қатысуымен басталған Сексеуіл-Қызылорда, Сексеуіл-Бейнеу және Сексеуіл-Ақтөбе халықаралық автожолдарының құрылысы осы іргелі саясаттың кешенді жұмысының бір бөлігі деуге негіз бар.

Бұл жобалар Қазақстанның батыс өңірлерінің өзара байланысын жақсартып қана қоймай, халықаралық автомобиль тасымалының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қытай мен Еуропа арасындағы жүк



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСА БАСТАҒАН ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ҚАЙТА ФОРМАТТАУ КЕЗЕҢІ ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУ БАҒДАРЫН НАҚТЫЛАП, ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ. ӨЙТКЕНІ БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕ ЖЕКЕ КҮШТЕН ГӨРІ ОРТАҚ МҮМКІНДІК МАҢЫЗДЫ. АЛ ОРТАҚ МҮМКІНДІК ӨЗАРА СЕНІМ МЕН БІРЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ.

қозғалысының уақытын бірнеше тәулікке қысқарту мүмкіндігі еліміздің транзиттік тартымдылығын арттыра түседі. Өйткенмен, жаңа жолдардың экономикалық тиімділігін тек уақыт үнемдеумен өлшеуге болмайды. Кмикалық кеңістік қалыптасады. Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда сияқты өңірлерде логистикалық терминалдар, сервистік орталықтар, қоймалар, шағын және орта бизнес нысандары пайда болып, өндірістік кооперацияның жаңа мүмкіндіктері ашылады. Демек, бұл жолдар жаңа экономикалық белсенділікке серпін беретін стратегиялық инфрақұрылым деуімізге болады. Осылайша, география біртіндеп геоэкономикалық артықшылыққа айналады.

ОРТА ДӘЛІЗДІҢ АР ЖАҒЫНДАҒЫ МҮМКІНДІК

Орталық Азияның өзара ықпалдастығы да осы логистикалық өзгерістермен тікелей байланысты. Өңір елдерінің көлік жүйелері бір-бірімен неғұрлым тығыз байланысқан сайын, ішкі сауда, өнеркәсіптік кооперация, энергетика және инвестиция үшін жаңа мүмкіндік көбейеді.

Сондықтан Қазақстанның өңірлік саясатында тауар айналымын арттыру, шекара маңы саудасын дамыту, су-энергетикалық тепе-теңдікті сақтау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бірлескен өндірістер құру мәселелерінің қатар қарастырылуы заңды.

Бұл жерде Орталық Азия елдерінің бірлігі идеологиялық ұғыммен шектелмей, нақты экономикалық қажеттілік ретінде көрінеді.

Бірін-бірі өзара толықтыратын экономикалар біріге отырып, әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетін күшейте алады. Бір елдің табиғи ресурсы екіншісінің өндірістік қуатымен, үшіншісінің сңбек әлеуетімен, төртіншісінің көлік мүмкіндігімен,

бесіншісінің нарығымен сабақтасқанда ғана өңірдің жиынтық қуаты артады.

Бауырлас елдер ынтымақтастығының әлеуетін арттыру да осы үдерістің кеңейе түскенін көрсетеді. Ынтымақтастық бүгінде мәдени-гуманитарлық байланыстармен ғана шектелмей, инвестиция, сауда, өнеркәсіп, көлік, цифрлық технологиялар және білім салаларындағы ынтымақтастықтың маңызды алаңына айналып келеді.

Сондықтан тарихи және мәдени жақындық біртіндеп нақты экономикалық мазмұнмен, ақпараттық технологиялармен толығып келеді.

ЖОЛДАН KEЙІНГІ ЖАҢА ДӘУІР – ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК

Алайда қазіргі әлемде жолдың өзі жеткіліксіз. XXI ғасырда физикалық инфрақұрылым мен цифрлық инфрақұрылым қатар дамуы керек.

Жүк Қазақстан аумағына жылдам кіріп, шекарадан тез өтіп, Каспийге қысқа мерзімде жеткенімен, кеден рәсімдері қағазбастылыққа байланысты ұзаққа созылса, транзиттік артықшылықтың мәні төмендейді. Сондықтан логистиканың келесі кезеңі – оның цифрлық трансформациясы.

Қазақстанда кеден рәсімдерін автоматтандыру, электрондық құжат айналымын енгізу, цифрлық логистикалық платформаларды дамыту, жүк ағындарын тиімді басқару бағытында дәуір ілгері.

Бұл жерде жасанды интеллектінің мүмкіндігі ерекше.

Жасанды интеллект жүк ағындарын болжауға, көлік қозғалысын оңтайландыруға, шекарадағы жүктемені алдын ала анықтауға, логистикалық маршруттарды тиімді таңдауға мүмкіндік береді. Демек, Қазақстанның транзиттік әлеуеті енді тек қанша шақырым жол салынғанымен емес, сол жолдың қаншалықты «ақылды» басқарылатынымен де өлшенеді.

Цифрландыру мемлекеттік басқарудың өзіне де жаңа талап қойып отыр. Электронды мемлекеттік қызметтер, финтех экожүйесі, деректерді өңдеу орталықтары, ұлттық суперкомпьютерлік инфрақұрылым және жасанды интеллектінің енгізу – экономиканың жаңа салалық кезеңге өтуінің белгілері.

Президент Тоқаевтың жасанды интеллектіні дамытуға ерекше мән беруінің себебі де осы. Алдағы кезеңде технологияны тұтынатын емес, оны жасайтын және өз экономикасына тиімді енгізетін елдер ғана жаһандық бәсекеде артықшылыққа ие болады.

Сондықтан IT-мамандар даярлау, ғылыми зерттеулерді қолдау, халықаралық технологиялық компаниялармен әріптестікті кеңейту және инновациялық экожүйе қалыптастыру – Қазақстанның технологиялық тәуелсіздігіне бастайтын маңызды қадамдар. Еліміздің бұл ілгерілеушілігін Орталық Азия елдері де көре біледі деген ойдамыз. Қазақстанның цифрлық даму көрсеткіші өте жоғары: ТОП-30-дың ішінде, нақтылап айтар болсақ, 24-орындамыз. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Қазақстан Президенті ЖИ-ді барлық салада енгізуге баса мән беріп отыр. Елімізде әлемдік алпауыт ақпараттық компаниялар қызығушылық танытып, алды Екібастұз қаласында арнайы дата-орталық салуды бастап кетті.

Сонымен қатар болашақтың қаласы саналатын Alatau City smart қаласы да Орталық Азияның ортақ мақтанышына айналады деген үміттеміз.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМЫ

Цифрлық трансформация көлік пен мемлекеттік басқарумен ғана шек-

телмейді. Ол экономиканың құрылымын да өзгертуге тиіс.

Қазақстан дәстүрлі мұнай-газ әлеуетін сақтай отырып, мұнай-химия өндірісін тереңдетуге, жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, атом энергетикасының мүмкіндіктерін қарастыруға, сирек кездесетін металдарды игеруге және төмен көміртексті экономикаға көшуге басымдық беріп отыр.

Бұл бағыттардың барлығы бір-бірімен сабақтас.

Сирек кездесетін металдар мен энергетикалық ресурстар халықаралық нарыққа шығуы үшін тиімді логистика қажет. Логистика заманауи болуы үшін цифрлық технологиялар керек. Цифрлық экономикаға білікті маман қажет. Ал білікті маман даярлау үшін білім мен ғылымның жаңа сапасы қажет.

Демек, Қазақстанның қазіргі стратегиялық бағытын жеке-жеке жобалардың жиынтығы ретінде емес, бір-бірін толықтыратын тұтас жүйе ретінде қарастырған жөн.

Орталық Азиядағы тұрақтылық – экономикалық ықпалдастыққа жол ашады. Экономикалық ықпалдастық – көлік байланыстарын күшейтеді. Көлік дәліздері – Қазақстанның географиялық артықшылығын нақты табыс көзіне айналдырады. Цифрландыру осы жүйенің тиімділігін арттырады. Ал жасанды интеллект оның келесі даму сатысына жол ашады.

ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН БОЛАШАҚ БАЕДАРЫ

Осы үдерістердің барлығын біріктіретін бір ұғым бар. Ол – тарихи сабақтастық және ырысты ынтымақ.

Орталық Азияның өркениеттік тарихында бұл кеңістік ешқашан оқшау аймақ болған емес. Керісінше, Шығыс пен Батысты байланыстырып, сауда мен мәдениеттің таралуына ықпал еткен кеңістік болды. Бүгінгі технологиялық дәуірде сол тарихи рөл жаңа сипатқа ие болып отыр.

Бұрын керуендер жүрген жолмен бүгін контейнер пойыздары жүреді. Бұрын саудагерлер мен елшілердің хабарын аттылы-жауу жеткізсе, қазір ақпарат сәкундына таралады. Бұрын Ұлы Жібек жолының маңызын керуен жолдары айқындаса, бүгінде оның орнын халықаралық дәліздер, порттар, логистикалық терминалдар және цифрлық желілер басып отыр.

Сондықтан Қазақстанның жаңа тарихи миссиясы – өткенді қайталау деп таяз тұжырым жасауға болмайды. Керісінше, тарихи артықшылықты қазіргі заманның технологиялық және экономикалық мүмкіндіктерімен ұштастыру.

Бұл прагматикалық парадигма Орталық Азия елдерінің бірлігінен басталып, Еуразияның көлік-логистикалық байланысына, одан цифрлық экономика мен жасанды интеллект дәуіріне жалғасады.

Қазақстан үшін басты мақсат – географиялық орналасудың артықшылығын тұрақты экономикалық құндылыққа, өңірлік ынтымақтастықты халықаралық ықпалға, ал технологиялық жаңғыруды ұлттық бәсекеге қабілеттілікке айналдыру.

Сонда ғана «Ұлы Жібек жолының торабында және Еуразияның жүрегінде орналасқан ел» деген тарихи сипат қазіргі экономикалық шындықпен толығыады.

Бүгінгі Қазақстан – Ұлы Далада Алтын Орда секілді өркениеттердің мұрасын бүгінге жалғанған орта держава ретінде халықаралық қауіпсіздік архитектурасына қомақты үлес қосып келеді. Сонымен қатар ол жаңа технологиялар, жаңа экономикалық байланыстар тоғысатын ауқымды кеңістікке айналып келеді.

Бүгінгі ішкі бірлігі, Орталық Азияның ынтымағы, Орта дәліздің дамуы, транзиттік және логистикалық ауқымды жобалар, энергетикалық қауіпсіздік, цифрландыру мен жасанды интеллект – сырттай қарағанда әртүрлі бағыттар болғанымен, түптеп келгенде бір стратегиялық мақсатқа тоғысады.

Ол – Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылықтың, экономикалық ықпалдастықтың, технологиялық жаңғырудың және халықаралық ынтымақтастықтың маңызды терегіне айналдыру.

Жаңа Конституция арқылы жүзеге аса бастаған трансформация және қайта форматтау кезеңі еліміздің даму бағдарын нақтылап, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Өйткені бүгінгі әлемде жеке күштен төрі ортақ мүмкіндік маңызды. Ал ортақ мүмкіндік өзара сенім мен бірліктен басталады.

Алтау ала болмаса, аспандағы келеді.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, академик

САЙЛАУ КҮНІ БАСҚА ӨҢІРДЕ БОЛАТЫН АЗАМАТТАРҒА:

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІГІН ҚАЛАЙ АЛУҒА ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы өтеді. Егер сайлау күні сайлаушы өзінің тіркелген жерінде емес, басқа қалада немесе өңірде болатын болса, заңнама оған нақты орналасқан жері бойынша дауыс беруге мүмкіндік береді.

Ол үшін алдын ала дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігін алу қажет.

Есептен шығару куәлігін қайдан және қашан алуға болады?

Есептен шығару куәлігін сайлаушы өзінің тіркелген жері бойынша уәскелік сайлау комиссиясынан алады.

Ол үшін уәскелік комиссияға барып, өтініш жазып, жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет.

Құрылтай депутаттарының сайлауында есептен шығару куәліктері 2026 жылғы 7 тамыздан бастап 22 тамыз сағат 18:00-ге дейін беріледі.

Егер азаматтың куәлікті өзі алуға мүмкіндігі болмаса, оны белгіленген тәртіппен сенімхат бойынша өкілі алуы мүмкін.

Басқа өңірде есептен шығару куәлігімен қалай дауыс беруге болады?

Мысалы, сайлаушы Астана қаласында тіркелген, бірақ 23 тамыз күні Алматыда, Шымкентте немесе басқа өңірде болатын болса, ол алдын ала тіркелген жеріндегі уәскелік сайлау комиссиясынан есептен шығару куәлігін алады.

Сайлау күні азамат өзінің нақты орналасқан жеріндегі сайлау уәскесіне барып, мына құжаттарды ұсынады:

1. Жеке басын куәландыратын құжат;

2. Есептен шығару куәлігі.

Осы құжаттардың негізінде сайлаушы тиісті уәскедегі сайлаушылар тізіміне енгізіліп, дауыс бере алады.

Сондықтан сайлау күні басқа қалада немесе өңірде болатынын алдын ала білетін азаматтарға есептен шығару куәлігін уақытында алу ұсынылады.

Басқа уәскеде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін алуға бола ма?

Есептен шығару куәлігі сайлаушының дауыс беру күні өзінің тұрақты орналасқан жерінен тыс жерде болуына байланысты беріледі.

Егер азамат тіркелген елді мекенінде болып, сол елді мекеннің басқа уәскесінде дауыс бергісі келсе, бұл үшін есептен шығару куәлігі берілмейді.

Мысалы, сайлаушы Астана қаласында тіркеліп, сайлау күні де Астанада болатын

болса, қала ішіндегі басқа сайлау уәскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алмайды.

Негіз ескерген жөн?

Есептен шығару куәлігі бір рет беріледі. Куәлік жоғалған жағдайда оның тегнұсқасы берілмейді.

Сондықтан құжатты сайлау күніне дейін сақтап, дауыс беруге барғанда оны жеке басын куәландыратын құжатпен бірге алып жүру қажет.

Мұндай тәртіптің басты мақсаты – азаматтың сайлау күні тіркелген жерінде болмаса да, өзінің сайлау құқығын жетзе асыруына мүмкіндік беру.

Құқықтың негізі: Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 41-бабының 6-1-тармағы, сондай-ақ дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәліктерін беру және есепке алу қағидалары.

Ең бастысы – куәлікті алуды кейінге қалдырмаңыз: ол 22 тамыз сағат 18:00-ге дейін беріледі.

Сайлауға қатысты қосымша ақпаратты уәскелік сайлау комиссияларынан және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсынан алуға болады.

Елорда тұрғындары өздерінің сайлау уәскесін онлайн біле алады, – деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.

Сайлау уәскесі туралы мәліметті нақты уақыт режимінде мына тәсілдер арқылы білуге болады:

1. Ресми веб-сервис арқылы: <https://sailau.astana.kz/>

2. Telegram чат-боты арқылы: https://t.me/sailau_astana_bot

3. Komek бірыңғай байланыс орталығының 109 нөмірі арқылы.

Азаматты белгілі бір сайлау уәскесі бойынша сайлаушылар тізіміне енгізудің негізі оның сол сайлау уәскесінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелуі болып саналады.

ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫ ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАҒАНДА, САНАМЫЗДА БІР-БІРІНЕ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ ЕКІ ОЙ ҚАТАР ТУРАДЫ. БІР ЖАҒЫНАН, КҮН САЙЫН ЖАҢА ӘНДЕР ЖАЗЫЛЫП, ТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ ТҮЫНДЫЛАР ДҮНИЕГЕ КЕЛІП ЖАТҚАНДАЙ КӨРІНЕДІ. ЕКІНШІ ЖАҒЫНАН, ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАНЫҢ КӘСІБИ ДЕҢГЕЙДЕ ДАМУЫНА ҚАЖЕТ ДҮНИЕЛЕРДІҢ КЕҢЖЕЛЕП ҚАЛҒАНЫ БАЙҚАЛАДЫ. БҮГІНГІ ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ҚАЙ САЛАСЫ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ, ҚАЙ БАҒЫТҚА КӨБІРЕК КӨҢІЛ БӨЛУ ҚАЖЕТ? ҰЛТТЫҚ АСПАПТАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАР НЕГЕ АЗ? ӨЗГЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР? КӘСІБИ МУЗЫКАНЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ? ОСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА САУАЛДАРҒА ЖАУАП АЛУ ҮШІН КҮЙШІ-КОМПОЗИТОР, ПЕДАГОГ, ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ ДОЦЕНТІ ҚУАНЫШ ЖҰМАҒАЛИМЕН ӘНГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.

Қуаныш ЖҰМАҒАЛИ,
күйші-коммозитор,
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясының оқытушысы:



Ұлттық музыкаға кәсібилік пен жаңа репертуар керек

– Қуаныш Ізімұлы, әр өнер адамының өз жолы бар. Біреу өнерге ерте келсе, енді біреуі кейінірек қалыптасады. Сіздің музыканттық және педагогтік жолыңыз қалай басталды?

– Атырау қаласында туым, сол жерде қазақ орта мектебін бітірдім. Атыраудағы музыкалық мектепте бес жыл тәлім алдым. Орта мектепті аяқтаған соң екі жыл әскери борышымды өтеп қайттым. Содан кейін консерваторияның дайындық курсына түсіп, онда екі жыл оқыдым. Кейін консерваторияға қабылданып, оқуымды жалғастырдым. Сөйтіп, жалпы жеті жылда консерваторияны бітіріп шықтым.

Алматыға 22 жасымда келдім. Алғашында П.Чайковский атындағы музыкалық училищеге түскім келген. Бірақ онда төрт жыл оқу керек болды. Жасым да өтіп бара жатқандықтан, бірден консерваторияның дайындық курсына түсуге шешім қабылдадым.

Дайындық курсының артықшылығы – училищенің төрт жылдық бағдарламасын мұнда екі жылда игересің әрі бірден консерватория ұстаздарынан тәлім аласың.

Консерваторияға түскен кезде жеке Корындаушы, яғни солист мамандығы ашылып, мен сол бөлімге қабылдандым. Бұл мамандықта оқытандар жылына екі рет бір сағаттық концерт беруге тиіс. Әр концертте шамамен он күй және екі-үш музыкалық пьеса орындайтынбыз.

Дайындық курсындағы ұстазым Әділбек Атығәев Семейдегі облыстық филармонияға директор болып кеткендіктен, консерваторияда Кәріма Сахарбаеваның класында оқыдым. Ал жеке орындаушылық бойынша атақты күйші-композитор Қаршыға Ахмедияровтан сабақ алдым.

1995 жылы консерваторияны бітірдім. Оқи жүріп және оқуымды аяқтаған соң Құрманғазы атындағы оркестрде солист болып жұмыс істедім.

Одан кейін Алматы облыстық филармониясына шақырылып, сондағы «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблінде домбырашылардың концертмейстері болып 16 жыл еңбек еттім.

Жалпы, консерваторияда 1998 жылдан бері еңбек етіп келемін. Сол жерде екі жыл ассистентура-стажировкада оқып, оны аяқтадым. 2006 жылдан бастап толыққанды оқытушы болып еңбек етіп келемін.

Сонымен бірге композитор-әрлеуші, яғни аранжировщик ретінде «Құлансаз», «Үш-қоңыр» ансамбльдерінде және консерваториядағы «Мұратер» ансамблінде қызмет атқардым.

Қазір консерваторияда жеке күйшілерді дайындаймын, топтық сабақ беремін. Оркестрге арналған ән-күйлерді лайықтау, күй импровизациясы сияқты бағдарламалар бойынша да сабақ беріп жүрмін.

– Композиторлық қабілетіңіздің бар екенін білеміз. Қандай музыкалық шығармалар жаздыңыз?

– Әрине, консерваторияда композиторлық мамандық бойынша да білім береді. Мен бұл мамандық бойынша арнайы оқыған жоқпын, дегенмен біраз ән-күйлерім бар. Сонымен қатар оркестрге арналған ән-күйлерге аранжировка жасап, партитура жазамын.

Консерваторияда білім алғаннан кейін әркім қабілетіне қарай әртүрлі жолға түседі. Біреу тек орындаушылықпен айналысады, енді біреулер оқытушылықты таңдайды. Мен жеке орындаудың де, ән-күй шығарумен де айналысамын және сабақ беремін.

Домбыра, қобыз, сазсырнай, сыбызғы, жетіген сияқты аспаптарға арнал музыкалық шығармалар жаздым. Шығармаларым түрлі оркестрлердің репертуарына еніп, орындалып жүр.

– Жоғары оқу орнында сабақ берген соң ғылыми-әдістемелік оқу құралдарын да жазған шығарсыз ба?

– Иә, музыка саласы бойынша оншақты кітап жаздым. 2010 жылы жарық көрген «Қуаныш валсы» атты кітабыма оркестрге арнап өңделген ән-күйлер енгізілді. Сонымен бірге оркестрге арналған партитураларым, ғылыми-әдістемелік еңбектерім де жарық көрді.

– Түркімен, қарақалпақ күйлерін зерттеп, нотаға түсіруге не себеп болды?

– Менің негізгі бағытым – Батыс күй мектебі, яғни төкпе күй дәстүрі. Түркімен және қарақалпақ халықтарында да біздегі күйге ұқсас «саз», «нама» деп аталатын музыкалық жанрлар бар. Оларды біздің домбыраға ұқсас дутар аспабында орындайды.

– Олардың сазының біздегі күйден қандай айырмашылығы, ерекшелігі бар?

– Әр халықтың музыкалық шығармаларының өзіндік ерекшелігі болады. Бұл, бір жағынан, музыкалық аспаптардың құрылымына, диапазонына да байланысты. Мәселен, түркімен және қарақалпақ халықтарының дутарының диапазоны домбыраға қарағанда тарлау. Сонымен қатар дутардың ішегі жіңішке сымнан жасалады.

Салыстырмалы түрде айтсақ, қазақта ән мен жырдан бөлек күй жанры өте жоғары деңгейде дамыған. Көптеген күй мектебі қалыптасқан. Ал түркімен, қарақалпақ халықтарында ән жанры жақсы дамығанымен, біздегі күйге ұқсас саз жанрындағы шығармалар көп емес. Яғни, күй деңгейіндегі туындылары аздау.

Түркімендегі айтсақ, бізде ән мелодиясы мен жыр мақамдары негізінде жасалған «ән күйі», «жыр күйі» дейтін күйлер бар ғой. Олардың күйлерінің құрылымы көбіне осы бағытқа жақын.

Түркіменде Шахым Гүлиев деген үлкен ғалым, профессор болды. Этнограф әрі музыкант еді. Ол консерваторияда жұмыс істеген. Талдықорғанда да сабақ берген. Түркімен музыкасын зерттеу барысында маған көп көмектесті.

Бізде бұрын түркіменнің бірен-саран күйлері орындалып жүретін. Солардың бірі – «Көрөлғы» деген халық күйі.

– Дәулеткерейдің «Көрөлғысы» ма? – Жоқ, түркімендерде «Көрөлғы» деген күй бар. Ал сіз айттып отырған шығарма – басқа күй. Оны бізге Мұрат Өскенбаев алып келген.

– Бізде орындалып жүрген түркіменнің қандай күйлері еді?

– Консерваторияда түркіменнің «Торғай құшлар» деген сазын алған орындағандардың бірі мен едім. Елдос Еміл де орындады. Оны кезінде Айтжан Тоқтаған нотаға түсірген.

Сөйтіп, бізде түркіменнің «Көрөлғы», «Торғай құшлар», «Нарағажы» деп аталатын санаулы күйлері орындалып жүрген. Басқа да күйлері бар ма екен деп жүргенімде Шахым Гүлиевпен таныстым. Ол кісі «Бізде бұдан да басқа саздар көп» деген соң, түркімен музыкасына тереңірек назар аударма бастадым.

Бір ерекшелігі – бізде он мыңнан астам күй бар және олардың басым бөлігінің шығу тарихы, күй аңыздары белгілі. Ал түркімен саздарының тарихы көп жағдайда айтыла бермейді.

Шахым аға маған түркімен саздары жазылған бірнеше аудиокассета беріп, «Мұнда Шариев, Ташмамбетов деген орындаушылардың саздары бар» дейі. Соларды тыңдап, домбыраға лайықтап нотаға түсіре бастадым. Осылайша, түркімен күйлерін зерттеуі бастадым.

– Ол күйлерді өзіңіз еңбек еткен ансамбльдерде орындаттыңыз ба? Түркімен тыңдармандары қалай қабылдады?

– 2007 жылы «Сазген» ансамблімен Ашхабадқа фестивалге бардық. Сол кезде түркіменнің «Нарағажы» деген сазын өзім орындадым. Түркімен тыңдармандары өте жақсы қабылдады. Оларда саз орындалған кезде көрермендер айқайлап, қол шапалақтап, орындаушыны көтермелеп отырады екен.

Айта кету керек, өткен ғасырдың соңына дейін Түркіменстан консерваториясында халық аспаптары бөлімі болмаған. Сондықтан бірнеше дутаршы біздің консерваторияда білім алды. Олардың арасында дутаршы-композитор Ораз Аннанпесов, Садық Сахатов, Мұрат, Жәмила Құрмановтар секілді музыканттар болды. Олардың бәрі бізбен қатар оқыды.

Ашхабадқа барғанымда солардың біразы мені үйлеріне шақырып, қонақ етті. Мен оларға арнап өзімнің «Түркіменсаз» деген күйімді орындап бердім. Мәре-сәре болып, жақсы әңгімелескеніміз есімде. Бұл күйімді түркімен саздары негізінде жаздым.

Жаңа Дәулеткерейдің «Көрөлғы» күйі туралы сұрап қалдыңыз ғой. Енді соған толығырақ тоқталайын.

Дәулеткерей – Батыс күйшілік өнерінде өзіндік мектебін қалыптастырған күйші. Стилі жағынан төре күйлері мектебіне жатады. Оның «Көрөлғысы» түркімен тақырыбына шығарылған күй екен. Музыкада мұндай тәсілді парарафаз деп атайды, яғни танымал бір әуентге негізделіп жасалған музыкалық шығарма.

Дәулеткерейдің «Көрөлғысы» түркімен сазын негізге ала отырып, құрылымы жағынан Батыс Қазақстанның төкпе күй дәстүрінде дүниеге келген туынды. Яғни, дом-

бырада «оғыз перне» деп аталатын перне қолданылған. Бұл оған түркімен музыкасының ерекшелігін дарытып тұр. Мұндай ерекшелік қарақалпақ күйлерінде де кездеседі.

Қарақалпақ күйін бізге белгілі дирижер Ықылас Нұрғалиев алып келген. Ықылас аға қарақалпақтың «Сый перде» атты күйін нотаға түсіріп, таратты. Онда да әлгі «оғыз перне» қолданылған.

1957 жылы Ахмет Жұбанов Құрманғазы оркестрімен Ашхабадқа гастрольге барған. Ахандомбырашылар тобына Дәулеткерейдің «Көрөлғысын» және түркіменнің «Тәштит» деген күйін орындатып, түркімен музыканттарына тыңдатыпты. Содан кейін «Қалай,



сіздердің күйлеріңізге ұқсай ма?» деп сұраған екен. Сонда олар: «Әуені ұқсайды екен, бірақ жалпы құрылымы мен ырғағы бізге келіңкіремейді екен», – деп жауап беріпті.

Осыған қарағанда, Дәулеткерейдің «Көрөлғысында» түркімен сарыны қолданылғанымен, негізінен Батыс Қазақстанның күйшілік дәстүріне жататын туынды деуге болады. Бөлайыша айтқанда, бұл таза түркімен немесе таза қазақ күйі емес, екі халықтың да музыкалық ерекшелігін қамтыған шығарма. Өз алдына бір феномен.

– Түркімен күйлерін тереңірек тануыңызға тағы кімдердің көмегі тиді?

– Ашхабадқа барғанымда Ораз Аннанпесов түркімен күйлері туралы көп дерек берді. Өзі шығарған музыкалық жинағын сыйлады. Кейбір халық күйлерінің ноталарын да сұрап алдым.

Оларда күйлер, яғни саздар, бірнеше нұсқада орындалады екен. Бір орындаушының орындауы екіншісіне ұқсай бермейді. Мен сол саздарды нотаға түсіріп, Шахым Гүлиевке көрсеттім. Күйлердің тақырыбы мен ерекшеліктері туралы сұрап, түркімен күйлерінің табиғатына қаныға түстім.

Содан кейін 50 түркімен күйін нотаға түсіріп, 2020 жылы жеке жинақ шығардым.

Менің алдымда түркімен күйлерін зерттеген біздің консерваторияның музыкатанушысы, профессор Сауле Өтегалиева болды. Ол кісінің түркімен күйлерін зерттеуі негізінде жазған «Туркменские» кюи в домбровой традиции Западного Казахстана» атты кітабы екі рет басылып шықты.

– Ал қарақалпақ күйлерін зерттеуге қалай келдіңіз? Біздің күйлермен салыстырғанда олардың «намасының» қандай ерекшеліктерін байқадыңыз?

– Түркімен күйлерін зерттей жүріп, қарақалпақ күйлеріне де назарым ауды. Жоғарыда айттып өткен Ықылас Нұрғалиев ағамыз нотаға түсірген қарақалпақтың «Сый перде» күйін тыңдағаннан кейін қарақалпақ пен түркімен күйлерінің арасында жақындық барын сездім. Содан қарақалпақ күйлерін де зерттегім келді.

Оларда да бірқатар танымал күйлер бар. Мысалы, «Сый перде», «Қара жорға», «Бесперде», «Ыжылтпа» және тағы басқа күйлер.

Зерттей келе, қарақалпақтың жетпіс халық күйін, яғни нарасын нотаға түсірдім. Бір байқағаным – қарақалпақ күйлері шағында келеді. Көбі біздегі «ән күйі» деп аталатын күйлерге жақын.

Ерекшелігіне келсек, бізде домбыра күйлерінде бас буын қатты дамыған. Яғни, күйлерімізде домбыраның жоғарғы пернелерінде орындалатын тұстар көп. Ал қарақалпақ күйлерінде бас буын аз, бар болғаны бір-екі такт қана орындалады да, одан әрі негізгі орта буын, негізгі буын деп жалғаса береді.

Жалпы, зерттей келе көп нәрсеге көзің жетеді. Қазақ күйінің өзіндік құрылымы бар: бас буын, орта буын, саға, екінші саға сияқты бірнеше буынға бөлініп орындалады.

Ал түркімен күйлері ұзағырақ көрінеді. Осы туралы Шахым Гүлиевке айтып, «Мына күйлерде қайталанатын жерлер көп екен, сол тұстарын қысқартып орындасақ қайтесі?» дегенімде, ол кісі күліп: «Оның сөздері бар ғой», – деді.

Сөйтсек, олар әннің әуенін аспаптық музыкаға айналдырып орындай береді екен.

Ал қарақалпақтың «Қара жорға», «Сый перде» наамаларының құрылымы біздегі күйдің құрылымына жақын. Оларды біздің ансамбльдер де орындап жүр.

Қарақалпақ дутарының ішегі сымнан жасалғандықтан, оны орындау тәсілі де біздегіден өзгеше. Оларда меллизмдер көп қолданылады. Ал біздің домбыраның ішегі сымнан жасалмайтындықтан, қарақалпақ күйлеріндегі мелизмдерді домбырада дәл келтіру қиын.

Сым ішекті сәл басқанның өзінде дыбыс өзгеріп, ноталар басқа реңк береді. Дутарды бір саусақпен де шерте беруге болады. Демек, дутарда музыка орындау біршама жеңілдеу болса, домбырада орындау күрделірек. Бізде бас бармақ та, басқа саусақтар да қатар қолданылады.

Түркімен, қарақалпақ күйлері әннен онша алыстасамса, қазақ күйлері бірнеше буынға бөлініп орындалатындықтан және алуан түрлі қағыс түрлерін қамтитындықтан, әбден жетіліп, өз алдына жүйе құрып, дербес музыкалық жанр ретінде дамыған.

Міне, өзге халықтардың музыкасымен салыстыра келгенде қазақ күйлерінің ерекшелігіне, оның қаншалықты жоғары деңгейде дамығанына көзің жете түседі.

2022 жылы менің «Қарақалпақ халық күйлері» атты еңбегім жарық көрді. Енді болашақта түркімен және қарақалпақ күйлерін жеңілдетіп, домбыраға ыңғайлап нотаға түсіріп, өзім орындап шығарсам деген ойым бар. Өйткені екі халықтың да нотаға түсірілген күйлері негізінен дутарға арналған нұсқалар. Енді соларды домбырада орындауға лайықтап қайта жасау керек.

– Өзге халықтардың күйлерін нотаға түсіру, орындап тарату бізге не береді деп ойлайсыз?



БІЗ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ШЕТЕЛДІК КЛАССИКТЕРДІҢ МУЗЫКАЛАРЫН ОРЫНДАП КЕЛЕМІЗ. НЕГЕ ӨЗІМІЗДЕ СОНДАЙ МУЗЫКАЛАР ЖАСАЛМАЙДЫ? МУ-ЗЫКАНТАРЫМЫЗ ҚАЗАҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ САПАЛЫ ТҮЫНДЫЛАРЫН ОРЫНДАП, ТЫҢДАРМАНДАР ЖАҚСЫ ӘН-КҮЙЛЕРДІ, ТҮРЛІ ЖАНРДАҒЫ ОТАНДЫҚ АВТОРЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ТЫҢДАП, РУХАНИ ЛӘЗЗАТ АЛСА, БҰДАН АРТЫҚ НЕ БАР?

– Оның пайдасы көп. Өзге халықтардың музыкасын орындау арқылы домбыраны да өзгелерге кеңірек танытуға мүмкіндік туады. Оның үстіне бізде күй көп, репертуарымыз мол. Күйлердің әртүрлі нұсқаларын қоссақ, олардың саны он мыңнан асып кетеді.

Түркітілдес халықтардың музыкасын білу, оны орындау арқылы олардың болмысын түсініміз, рухани жақындығымыз арта түседі.

Бізде өзгелердің музыкасын орындау, өзгелердің біздің музыкамызды игеру дәстүрі бұрыннан бар. Мәселен, маңғыстаулық Абыл күйші түркімендерге тұтқынға түсіп қалған кезде, түркіменнің бір күйшісі оның «Абыл» атты күйін дутармен орындаған екен. Сонда Абыл «Осы күйді мен орындап берейін» деп, өз күйін дутармен орындаса, түркімендер «Сен Абылдың өзі емессің бе, керемет орындадың ғой» деп таңғалыпты. Осылайша, күйшінің кім екенін танып, оны тұтқыннан босатқан көрінеді.

Демек, түркімендер Абылдың күйлерін білген болып тұр.

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан халықтардың бір-бірінен үйренері аз болмайды. Мәселен, Маңғыстау күйлерінде түркімен музыкасының сарыны байқалады. Батыс

күйшілік дәстүрінде өте сирек кездесетін интервалдар, соның ішінде секундалар, Маңғыстау күйшілік дәстүрінде жиі қолданылады.

Сондықтан өзімізге тілі жақын, тектес, көршілес халықтардың музыкасын зерттеу маңызды.

Қарақалпақ музыкасын түсініп, игеруге маған педагогика бойынша PhD Ықласбай Муянов пен Бескала қазақтарының музыкалық мәдениетін зерттеп жүрген жас ғалым, консерваториямыздың оқытушысы Күнқожа Қайрулла көп көмектесті. Олар маған қарақалпақ наамаларының ерекшеліктері туралы мол мәлімет берді.

– Енді бүгінгі қазақ музыкасы туралы айтсаңыз. Қазір ұлттық негізде дәстүрлі музыка жазатындар не істеп жатыр? Қай жанрдағы музыка дамып, қай бағыттарға жеткілікті көңіл бөлінбей келеді?

– Әрине, барлық жанрдағы музыканың дамуына және оны жазатын композиторларға жағдай жасалса жақсы болар еді. Дегенмен заман сұранысы деген бар, оның сыртында экономикалық жағтәттілік те бар. Соған орай кейбір жанрлардың алға шығып, енді бірінің кенжелеп қалуы заңды.

Өзіңіз білетін шығармашы, қазір той музыкасы, той әндері көбейіп кетті. Оның ішінде сапалысы да, сапасызы да бар. Тойға арналған әндерге кестеуге қоя алмаймыз, өйткені оған халықтың сұранысы жоғары. Тойда халық билеуге арналған ырғақты, тыңдауға арналған көңілді әндерді қалайды.

Соған орай тойда өнер көрсететін әншілер де композиторларға осындай әндерге тапсырыс береді. Сондықтан жеңіл ырғақпен жазылған той әндері көбейе береді.

Музыка ең алдымен өнердің мүлкі ғой. Егер жазылған музыка аз ғана уақыт жұрттың көңілін аулап, кейін тыңдалмай қалса, оның жеңіл, әсері аз, мәні терең болмағаны. Кәсіби композиторлар мұндайға бара бермейді. Бірақ музыка жазу экономикалық тұрғыдан табыс әкелетіні белгілі болса, мұндай шығармалардың жазылуы да тоқтамайды.

Байқап жүрген болсаңыз, кейінгі жылдары балаларға арналған музыка жазылмай жатыр десе де болады. Сол сияқты жеке аспаптарға арналған шығармалар да тым аз жазылады. Күйлердің түгелге жуығы домбыраға арналды десек болады.

Ал бізде музыкалық аспап жалғыз домбыра емес қой! Қобыз, жетіген, шертер, сазсырнай және тағы толып жатқан ұлттық аспаптарымыз бар. Соларға арналған музыкалар көбірек жазылып, репертуар молайса, музыканттар әртүрлі аспаптарда орындаса, халық ұлттық аспаптарды жақсырақ танып, білер еді.

Қазір көшеде адамдардан «Қазақта қандай музыкалық аспаптар бар?» деп сұрасаңыз, көпшілігі домбыра мен қобызды ғана еске түсіруі мүмкін. Себебі біздің музыкамыз негізінен осы екі аспап арқылы көбірек танылады.

Әрине, жеке аспаптарға музыка жазу үшін олардың мүмкіндігін, табиғатын, орындау ерекшелігін жақсы білу керек. Ол үшін кәсіби деңгейде білім қажет. Ал мұндай шығармаларды тойға арнап жеңіл-желпі, ырғақты ән жазып жүрген әуесқойлардан талап ете алмайсың.

Кәсібилік әлсіресе, үлкен өнер ұжымдарының өзіне қауіп төнеді. Мәселен, елімізге ғана емес, әлемнің талай жеріне белгілі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі көрермен жинау үшін кейде кино саундтректерін орындауға мәжбүр болады.

Себебі олардан жылына бірнеше мәрте концерт беріп, қаражат табу талап етіледі. Репертуары қазақ күйлеріне бай, 90 жылдан астам тарихы бар бұл оркестрдің тыңдармандары жоқ емес. Бірақ бүгінгі жастардың бір бөлігі оның концертіне қазақтың ұлттық музыкасын емес, кино саундтректерін тыңдау үшін барады.

Егер бұл оркестр мемлекеттік нақты қолдауға ие болып, тек танымал әрі сапалы ұлттық музыканы орындауына жағдай жасалса, атақты ұжым әліпіндей «заманауи музыкаларды» орындауға мәжбүр болар ма еді?

Халық әндерін жаңаша өңдеп, сапалы әрлеу жасап, тыңдармандар ұсынса қандай жақсы? Тыңдалмай жүрген талай ән қайта жаңғырып, жарқ етіп көрінер еді. Музыкалық пьесалар мен аспаптық шығармалар көбейсе дейсін.

Біз әлі күнге дейін шетелдік классиктердің музыкаларын орындап келеміз. Неге өзімізде сондай музыкалар жасалмайды? Музыканттарымыз қазақ композиторларының сапалы туындыларын орындап, тыңдармандар жақсы ән-күйлерді, түрлі жанрдағы отандық авторлардың шығармаларын тыңдап, рухани ләззат ала, бұдан артық не бар?

Қазір де күй шығарып жүргендер аз емес. Бірақ кейбір шығармалардан дәстүрден алшақтықты, тамырын басқа жақтан іздеген үрдісті байқап, секем алып қаласыз.

Ахмет Жұбановтан бастап, берідегі Нұрғиса Тілендиев, Қаршыға Ахмедияров, Ермұрат Үсенов, Әбдімомын Желдібаев, Секен Тұрысбеков секілді күйшілердің туындыларының халыққа кен танымал болуының бір себебі – олардың ұлттық музыка дәстүрінен алыстамай, сол дәстүрдің негізінде елдің жүрегіне жақын шығармалар туыдырғандығы.

Күйлері ұлттық болмысымызға сіңіп жеткендіктен, Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап, Тәттімбет, Түркеш, Дина секілді ұлы композиторлардың шығармалары ешқандай ұмытылмайды. Олар ғасырлармен бірге жасай береді.

Сондықтан бүгінгі қазақ композиторлары мен күйшілері ұлттық дәстү

АҚТӨБЕДЕ ЕГІН ОРУ НАУҚАНЫ ҚЫЗА ТҮСТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЕГІН ОРАҒЫ БАСТАЛЫП, ДАЛА ЖҰМЫСЫ ҚЫЗА ТҮСТІ. ДИҚАНДАР АУА РАЙЫНЫҢ ӘРБІР ҚОЛАЙЛЫ СӘТІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫП, ЖЫЛ БОЙҒЫ ЕҢБЕКТІҢ ӨТЕУІН ЖИНАУҒА КІРІСТІ. БИЫЛ ӨНІРДЕ ЖҮЗДЕГЕН МЫҢ ГЕКТАР АЛҚАПТАН ӨНІМ АЛУ ЖОСПАРЛАНҒАН. ЕНДІГІ МІНДЕТ – АСТЫҚТЫ ЫСЫРАПСЫЗ ЖИНАП, БЕЛГІЛЕНГЕН МЕРЗІМДЕ ҚАМБАҒА ЖЕТКІЗУ.



Биыл облыс бойынша 435 мың гектар дәнді дақыл, 84 мың гектар майлы дақыл және 6,1 мың гектар картоп пен көкөніс-бақша дақылын жинау көзделген. Қазірдің өзінде 36,6 мың гектар алқаптың өнімі орылып, 58,6 мың тоннадан астам астық қамбаға құйылды. Орташа өнімділік тектарына 16 центнерді құрап отыр.

Ауыл шаруашылығы үшін егін жинау науқаны – жыл бойғы еңбектің нәтижесі сыналатын жауапты кезең. Сондықтан техника дайындығы, жанар-жағармай қоры мен астық қабылдайтын орындардың әзірлігі науқанның ойдағыдай өтуіне тікелей әсер етеді.

ТЕХНИКА МЕН ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ ЖЕТКІЛІКТІ

Облыста егін жинау жұмыстарына шамамен 1,5 мың трактор, 600-ге жуық комбайн, 800-ге тарта трактор тіркемесі және 500-ге жуық жүк көлігі жұмылдырылған. Яғни, егін орағына қажетті негізгі техника толықтай іске қосылған.

Шаруаларды жанар-жағармаймен қамтамасыз етуге де тиісті көңіл бөлінген. Биыл егін жинау науқанына 8 мың тонна дизель отыны бөлініп отыр. Жеңілдетілген бағамен берілетін жанар-жағармайдың бір литрі 278 теңгеден белгіленген. Бұл нарықтағы бағадан шамамен 15 пайызға арзан.

Мұндай қолдау егін орағы кезінде аса маңызды. Себебі өнімді қысқа мерзімде жинап алу үшін техникамыз үздіксіз жұмыс істеуі қажет. Ал жанар-жағармай бағасының қолжетімді болуы шаруалардың шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау мұнымен шектелмейді. Ақтөбе әкімдігінің мәліметінше, «Кең дала-2» бағдарламасы аясында өңір фермерлеріне 5 пайыздық мөлшерлемесімен 8 млрд теңге жеңілдетілген несиесі берілген. Бұған қоса өсімдік шаруашылығын субсидиялауға 2,1 млрд теңге бөлінген.

Бұл қаражат шаруалардың өндірістік шығынын азайтып, техника, тұқым және басқа да қажетті ресурстарды тиімді қамтамасыз етуіне мүмкіндік беріп отыр.

ЕГІН КЕСТЕГЕ САЙ ЖИНАЛУДА

Егін орағы облыс аудандарында жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Соның бірі – Қарғалы ауданы. Биыл мұнда 109 мың гектар дәнді дақылды жинау жоспарланған. Қазірдің өзінде оның 13,2 мың гектары орылып үлгерді.

Аудан шаруалары ауа райының әрбір қолайлы күнін барынша тиімді пайдалануға тырысып жатыр. Өйткені егін жинау науқанының

Оның айтуынша, ауыл шаруашылығында техниканы жаңарту мен өндіріс шығынын азайту – өнім көлемін арттырудың маңызды тетіктерінің бірі. Әсіресе, егін орағы сияқты қысқа мерзімге созылатын науқан кезінде техниканың заманауи әрі ақаусыз болуы шаруаның уақытын үнемдейді.

ҚАМБАЛАР АСТЫҚ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН

Егінді жинаумен қатар оны сақтайтын орындардың дайындығы да маңызды. Бұл бағытта да облыста қажетті жұмыстар атқарылған. Өңірдегі астық қабылдайтын кәсіпорындар мен шаруашылықтардың қоймалары жаңа өнімді қабылдауға дайын.

Жиналған астықты уақытында қабылдап, сақтауға мүмкіндік беретін инфрақұрылымның жалпы сыйымдылығы 685 мың тоннаны құрайды. Бұл – биылғы өнімді орналастыруға қажетті негізгі мүмкіндіктің бар екенін көрсетеді.

Ендігі басты міндет – піскен егінді уақытында орып, ысырапқа жол бермей қамбаға жеткізу. Өйткені даладағы жұмыс бір сәтке де кідірісті көтермейді. Әсіресе, ауа райы құбылмалы кезеңде шаруалар үшін әрбір ашық күннің маңызы зор.

Егін орағының негізгі кезеңін тамыз айының үшінші онкүндігінде аяқтау жоспарланып отыр. Оған дейін шаруалар қолайлы ауа райын барынша тиімді пайдалануға ниетті.

Бүгінде Ақтөбе даласында еңбек қызу жүріп жатыр. Бірі комбайн тізіңдеп, піскен астықты орып жатса, енді бірі жиналған өнімді жүк көлігіне тиеп, қамбаға жөнелтуде. Жыл бойы күтілген егіннің берекесін төкпей-шашпай жи-



нәтижесі көп жағдайда уақытты дұрыс пайдалануға байланысты.

«Қуаныш» шаруа қожалығының басшысы Төрехан Сарин мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдаудың шаруаларға үлкен көмек екенін айтады.

– Мемлекет тарапынан шаруаларға қолдау көп. Биыл жеңілдетілген шартпен техника алып, «Кең дала» бағдарламасын пайдаланып, субсидия арқылы тұқым сатып алдық. Осындай жан-жақты қолдау көрсетіп отырған азаматтарға алғысымыз шексіз, – дейді шаруа қожалығының басшысы.

нау үшін барлық мүмкіндік жұмылдырылған.

Ақтөбелік диқандар үшін қазір әр күн, тіпті әр сағат маңызды. Ауа райы қолайлы болып, техника іркіліссіз жұмыс істесе, шаруалар мол өнім жинап, мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың тиімділігін нақты іспен көрсетпек.

Даладағы еңбек жалғасып жатыр. Ендігі меже – маңдай термен өсірілген астықты ысырапсыз жинап, ел қамбасын мол өнімге толтыру.

Жанна КӨПЖАНОВА,
Ақтөбе


ҚҰС ФАБРИКАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМ ТҮРЛЕРІН КӨБЕЙТУГЕ ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІЛІП ОТЫР. ОНЫҢ БІР АЙҒАҒЫ – «АБДУЛЛА» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНЫҢ ҚҰС ФАБРИКАСЫ. ЖҮЫРДА ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН КӘСІПОРЫН ЕНДІ НАРЫҚТЫҚ БӘСЕКЕДЕ ӨЗ МҮМКІНДІГІН ЕРКІН СЫНАЙ АЛАДЫ.

Кәсіпорын құрылысына 5,5 млрд теңге бөлінген. Жылына 6 мың тоннаға жуық құс етін өндіреді. Бұл облыс аумағынан бөлек көрші өңірлерге де өнім жеткізуге мүмкіндік бар деген сөз. Фабрикада 120 адам жұмыспен қамтылады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен, еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын. Жаңақорған ауданында тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бастамалар сәтті жүзеге асуда. Осындай маңызды жобаны қолға алғаны үшін жеке инвесторға зор ризашылығымды білдіремін, – деді облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев құс фабрикасының ашылу салтанатында.

Мамандардың есебінше, облыс экономикасын әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн 900



млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба іске қосылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Соның ішінде,

биыл 100 млрд теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

Қуат ӘБІШ



ЖАСТАР БАР ЖЕРДЕ ЖАҒАЛЫҚ БАР

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 14-35 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ 267 МЫҢНАН АСТАМ ЖАС БАР. ОЛАР БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМДА, БИЗНЕСТЕ, СПОРТ ПЕН МӘДЕНИЕТТЕ, ІТ ЖӘНЕ ВОЛОНТЕРЛІК САЛАСЫНДА БЕЛСЕНДІ. БІРІ ЖАҢА ЖОБА ҚОЛҒА АЛСА, ЕНДІ БІРІ ТУҒАН АУЫЛЫН КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮР. БАҒЫТТАРЫ ӘРТҮРЛІ БОЛҒАНЫМЕН, МАҚСАТТАРЫ ОРТАҚ – ЕЛГЕ ПАЙДАСЫН ТИГІЗУ.

12 тамыз – Халықаралық жастар күні қарсаңында Ақтөбе облысында жас буынның белсенділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шара өтті. Соның бірі – облыс әкімі Асхат Шахаровтың жастармен OPEN TALK форматындағы ашық кездесуі.

«МҮМКІНДІК БАР. ЕНДІГІ КЕЗЕК – СІЗДЕРДЕ»

Кездесуге волонтерлер, кәсіпкерлер, спортшылар, студенттер, өнер, білім және IT саласының өкілдері қатысты. Жастар өз жобаларын таныстырып, өңірді дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Кездесудің ерекшелігі – мұнда дайын бағдарлама емес, ашық әрі еркін пікір алмасу болды.

Облыс әкімі Асхат Шахаров жастарды мерекеміз құттықтап, олардың өңір халқының шамамен 30 пайызын құрайтынын атап өтті.

– Қазіргі заман – білім мен біліктің дәуірі. Үнемі ізденіп, жаңа технологияларды меңгеріңіздер. Тың идея ұсынудан, жауапкершіліктен қорықпаңыздар. Білімдеріңіз бен күш-жігерлеріңізді туған өлкенің дамуына бағыттаңыздар, – деді өңір басшысы.

Бүгінде жастарға өз әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тетіктер аз емес. АҚТӨБЕ JASTARY тұрғын үй бағдарламасы, жұмыспен қамту жобалары, жастар бастамаларын қолдау тетіктері – соның бір бөлігі.



Алайда мүмкіндік өздігінен нәтиже бермейді. Оны тиімді пайдалану үшін білім, табандылық пен бастама қажет. Ақтөбелік жастардың мысалдары осыны көрсетеді.

ЖАҚСЫ ІСТІҢ БАСЫНДА ЖҮРГЕНДЕР

Жастардың белсенділігі экологиялық бастамалардан да анық көрінеді. Олар «Таза Қазақстан» акциясы мен «Жасыл ел» бағдарламасына қатысып, аула мен көшелерді тазалауға, абаттандыруға, көгалдандыруға атсалысып жүр.

Волонтерлік қозғалыс та жастар арасында кең қанат жайған. Еріктілер әлеуметтік жобаларға қатысып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетеді.

Ал АҚТӨБЕ САМР жастардың білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасуына, жаңа адамдармен танысып, идеяларын жүзеге асыруына жол ашады.

Ақтөбе қалалық жастар ресурстық орталығының басшысы Ержан Аманжоловтың айтуынша, жастармен жұмыс 11 бағыт бойынша жүргізіледі. Оның ішінде жұмыспен қамту, волонтерлік, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, құқық бұзушылықтың алдын алу және NEET санатындағы жастармен жұмыс бар.

Unifest, Best in Aqtobe, «Жастарға кеңес» секілді жобалар да жас буынның білімін арттырып, қоғамдық белсенділігін күшейтуге бағытталған.

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ИДЕЯ

Жаңашылдықтың бәрі қалада туады деген түсінік дұрыс емес. Бұған Қарғалы ауданы Бадамша ауылының мұғалімі Жанат Қарасаева мен оның шәкірттерінің жұмысы дәлел.

Оқушылары Максим Гриненко мен Мансұр Таңатбаев «Қарғалы ауданындағы ауа райын бақылау» жобасын жасап, республикалық ғылыми жобалар байқауының облыстық кезеңінде жүлдеге ие болды.

Жас зерттеушілер күн сайын ауа райын бақылап, мәлімет жинайды. Қатты жел, найзағай немесе нөсер секілді құбылыстардың белгілері байқалса, тұрғындарға алдын ала ақпарат беруге тырысады.

Жанат Қарасаева жастардың уақытын тиімді пайдаланып, білім мен жаңа дағдыға ұмтылуы маңызды деп санайды. Ол ғылым мен медианы ұштастыратын STEM-Media Hub жобасын да ұсынып отыр.

– Уақыт – жастардың ең қымбат капиталы. Оны әлеуметтік желіде бостан-босқа өткізбей, білімге, жаңа дағдыға жұмсағаны дұрыс, – дейді ол.

Бұл сөздің астарында үлкен мән бар. Өйткені бүгінгі ақпарат ағыны жастарға мол мүмкіндік бергенмен, назарды бөлетін нәрсе де көп. Сондықтан уақытты тиімді пайдалану – жетістікке бастайтын маңызды қадамның бірі.

САХНАДАН ӘДЕБИЕТКЕ КЕЛГЕН ЖАС

Ақтөбе жастарының шығармашылық бағыттағы өкілдерінің бірі – Тахауи Ахтанов атындағы облыстық драма театрының әдебиет бөлімінің қызметкері, жас драматург Наурызбай Асылбексов.

Бала кезінен өлең жазған Наурызбай әуелі актерлік өнерді меңгеріп, кейін кинотеатр драматургия мамандығы бойынша білім алған. Оның «Түнгі фонарь» пьесасы республикалық драматургия байқауында екінші орын иеленді. «Тоқылдақ» драмасы да кәсіби ортадан жақсы бағасын алды.



– Үлкен жазушы болғым келеді. Ұстаздарымнан үйренгенімді тәжірибемен шыңдап, сүбелі дүниелер жазсам деймін, – дейді Наурызбай.

БІР КІТАП – БІР МҮМКІНДІК

OPEN TALK барысында жастар облыс әкімі Асхат Шахаровқа кітап оқу туралы да сұрақ қойды. Өңір басшысы өзіне әсер еткен шығармалар туралы айтып, кітап оқудың маңызына тоқталды.

Кездесу соңында жүз жасқа қазақстандық Кавторлардың кітаптары сыйға тартылды. Әр кітапқа облыс әкімі өзінің жылы лебізін жазған.

Бір қарағанда бұл – қарапайым сыйлық. Алайда оның мәні тереңірек. Өйткені кейде бір кітап адамның көзқарасын өзгертіп, жаңа ойға жетелейді, тіпті өмір жолына ықпал етуі мүмкін. Сондықтан бұл сыйлық жастарға айтылған «оқы, ізден, ойлан» деген тілек іспетті.

Мерекелік кеште өз саласында жетістікке жеткен бір топ жас ақтөбелік те марапатталды. Олардың қатарында ақын, құтқарушы, дәрігер, педагог, IT маманы, мемлекеттік қызметші, әлеуметтік қызметкер және кәсіпкер бар.

Олардың мамандығы мен өмір жолы әртүрлі. Бірақ бәріне ортақ бір қасиет бар – өз ісіне адалдық.

Бірі ауылдағы ауа райын зерттеп, ғылыми жоба жасайды. Бірі пьеса жазып, ұлттық драматургияға үлес қосады. Бірі волонтер болып, өзгеге көмектеседі. Енді бірі кәсіп бастап, жаңа жұмыс орындарын ашуға ұмтылады.

Мүмкіндік көбейген сайын жаңа идеялар да пайда болады. Ал идеяға білім мен тынымсыз еңбек қосылса, ол нақты іске, одан әрі елімізге айналады.

Ақтөбенің жалынды жастарының бүгінгі қадамы – ертеңгі үлкен өзгерістердің бастауы.

Жанна КӨПЖАНОВА,
Ақтөбе

СЕМИХ ИПЕК ТҮРКИЯНЫҢ ЭРЗУРУМ ҚАЛАСЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕ ОҚЫП ЖҮРГЕН КЕЗІНДЕ ДОМБЫРАҒА ҚЫЗЫҒА БАСТАҒАН. КЕЙІН ДОСЫ СЫЙҒА ТАРТҚАН ДОМБЫРАНЫ ӨЗ БЕТІНШЕ ҮЙРЕНІП, УАҚЫТ ӨТЕ КЕЛЕ ҰЛТТЫҚ АСПАБЫМЫЗҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ АРТА ТҮСКЕН. ТҮРКИЯ МЕН ӘЗЕРБАЙЖАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРІП, ТӨЛ ӨНЕРІМІЗДІ ДӘРІПТЕГЕН СЕМИХ КӨП ЕЛДІҢ ТУЫНДЫЛАРЫН ДОМБЫРАДА ШЫРҚАУДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ АЙНАЛДЫРҒАН. ЖЫЛДАР БОЙЫ YOUTUBE ПАРАҚШАСЫНА ЖҮКТЕГЕН ВИДЕОЛАРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ОЛ ЕУРОПА, КАВКАЗ, ИРАН ЕЛДЕРІНЕ КОНЦЕРТ БЕРУГЕ ШАҚЫРЫЛҒАН. ДОМБЫРА ҮШІН ҚАЗАҚСТАНҒА КӨШІП КЕЛГЕН СЕМИХКЕ ХАБАРЛАСЫП, ӘНГІМЕЛЕСКЕН ЕДІК.



Домбыраны қабырғаға іліп, айрықша құрмет көрсетеміз. Құранды қалай қастерлесек, домбыраны да дәл солай қастер тұтамыз.

– Қазақстанға қай жылы көшіп келдіңіз?

– Мұнда бір жыл бұрын қоныс аудардық. Қазақстанға көшу себебім – домбыраның құлағында ойнайтын мықты мамандар мен жыршылардың ортасында жүрім келді. Бәрібір көп нәрсе ортаға байланысты ғой. Солай болды да. Білал Ыскаков, Мұрат Әбуғазы секілді майталмандармен таныстым. Секен Тұрысбеков ағаның алдына барып, батасын алдым. Бізде, түріктерде үлкендердің қолынан сүйіп, құрмет көрсету дәстүрі бар ғой. Секен аға шәкірттеріне «Қараңдар, домбыраға деген махаббаты оны біздің елге алып келді» деп үлгі қылып айтқаны есімнен кетпейді. Сол кезде бойымды мақтаныш кернеді. Сәкен ағаға құрметім шексіз.

Қазір Түркияда домбыраға қызығушылық танытып жүрген жастар көп. Мен аптасына екі-үш домбыра жіберіп отырамын. Түркиядағылар «Ағай, бізге домбыра тауып, салып жіберіңізші» деп ақ-

Олар екі ішекпен-ақ сан алуан күйдің үнін жеткізе білген. Күй қорында шамамен 6 мыңнан астам шығарма бар. Сөзсіз-ақ күйдің мәнін жеткізе білген мұндай мәдениетке қалай ғашық болмайсың?

– Әлеуметтік желідегі парақшаңызда домбыра туралы ғылыми еңбектер мен оқулықтарды оқып жүргеніңізді байқап қалдым. Осы тақырыпта мақала жазып жүрсіз бе?

– Иә, Түркияның газеттеріне домбыра туралы мақалалар жазамын. Күй аңыз-

регіме жақын. Сосын «Қарқаралы» шығармасын да жақсы көремін. Әр жердің әні өзінше бөлек. Соның ішінде Арқаның әндері тіпті бір төбе. «Қарқаралының» мәтіні түрмеде жазылған деседі, сөздері де жанға батады. Отарлау саясаты кезінде ұлттық өнерді әлсіретуге бағытталған қысым болғанын кітаптан оқыдым. Сондықтан домбыраның сақталып қалуының өзі – қазақ халқының рухани төзімінің белгісі.

Одан бөлек, маған сал-серілердің өмірі қызық. Қазанғап, Біржан сал-



дың өмірі туралы көп дерек оқимын.

– Қазір Алматыда қайда жұмыс істейсіз?

– Мұнда туризм колледжінде түрік тілінен сабақ беремін. Оларға да сабақ арасында домбыра туралы сөз етемін. Негізі арманымның бірі – домбыра жасауды үйрену. Содан соң елге танымал домбырашылармен үлкен залда күй тартқым келеді.

– Жаңа бір сөзіңізде «Домбыраның арқасында Еуропа, Кавказ, Иранға шақыртылдым» деп қалдыңыз. Олар сізді YouTube парақшаңызға жүктеген видеолар арқылы таныған ба?

– Дәл солай. Жаңа айтқанымдай, мен әлемнің түрлі тілінде домбырамен айтқан әнімді ондағы жеке парақшама жүктегімін. Бір мажар досым, ондағы «Тұран қорының» жетекшісі мажар тілінде домбырамен орындаған бір туындыны сан рет тыңдапты. Сосын маған хабарласып, «Әсерімді сипаттауға сөз жетпейді. Сенің жолыңды, қонақуыңды төлейік. Сен біздің елге келіп, концертке қатысып, домбыра тартып бер» деді. Ол уақытта мен Әзербайжанда тұрамын. Әзербайжанда тұратын түрік қазақтың домбырасымен мажардың әнін орындайды. Олар үшін бұл, әрине, қызық қой!

Мен домбыраны қайтсем де үйренемін деп шешкенде, Түркияда ол аспаптың қырсырын үйрететін ешкім болмады. Кейін мен секілді үйренгісі келетіндердің қатары артты. Шебер тартпасам да, олар менен бірдене болса да үйренсін деген мақсатпен аз-аздап сабақтарды түсіріп, YouTube парақшама жүктеп жүрдім. Көп жас менен сабақ алды. Қазір домбырамен нан тауып отырмын. Тіпті, алдыма қырық жастан асқандар да домбырасын арқалап келеді. Дәулеткерей атамыз да қырық жаста үйреніп, кейін «Көроғлы» күйін шығарған ғой.

Нота болмаса да, туындыны естіп алған соң, рухты сезінемін, сөйтіп, домбыраға ығылдап отырып, «түсіремін». Домбырашы ағайлардан «Құрманғазы консерваториясына барып, ұстаздардан сабақ алсам қалай болады?» деп сұрағанымда, «Жоқ. Олай істеме. Онда барсаң, саған бір форма береді. Сен сол қалыптан аса алмайсың. Сен бұрынғы жыраулар секілді өз бетіңше үйренгенсің. Соны еш бұзба, стилінді өзгертпе» деп ақылын айтты.

– Бастапқыда домбыраны хобби ретінде үйренген екен деп ойласам, сіз үшін оның хоббиден әлдеқайда үлкен мәні бар екен ғой?

– Мұны хобби деп айтуға ұяламын. Бұл – менің жұмысым. Хобби деп бос уақытта айналысатын істі айтады ғой. Ал мен өмірімді домбыраға арнаған адаммын. Бұл – менің өмірлік ісім. Домбыра тартпай күніміз өтпейді. Үйде екі жасар баламның екі домбырасы бар. Өзімде бес домбыра бар. Барлығы да – кәсіби, сапалы аспаптар. Мен үй-жайым, көлігім жоқ болса да, жиған-терген ақшама домбыра сатып аламын. Қазір қолымдағы домбыраны екі мың АҚШ долларына сатып алғанмын.

– Домбыраға деген сүйіспеншілігіңізді арттырып, оны шетелде насихаттап жүргеніңіз үшін сізге алғысымызды білдіреміз!

Сұхбаттасқан
Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ

Домбыра үшін ҚАЗАҚСТАНҒА

ҚОНЫС АУДАРҒАН

Семих

– Отандық телеарналардың біріне «Домбыра үшін Қазақстанға қоныс аудардым» деп берген сұхбатыңызға көпшілік таңғалып, жылы лебізін білдіріп жатыр. Ең алдымен сұрағымыз келгені, Түркияда жүріп домбыраны қалай, кімнен үйрендіңіз?

– Мен Эрзурумдегі Ататүрік атындағы университетте тарих пәні мұғалімі бойынша оқыдым. Сабақ барысында «Түркі мәдениеті мен тарихына кіріспе» атты тоғыз томдық кітап оқыдық. Сол кітаптың соңғы томында «Бүкіл түркі аспаптарының ата-сы – домбыра» делінген. Сол кезде «Мұндай маңызға ие домбыра деген қандай аспап?» деп қызығып, өз бетімше іздене бастадым. Сол аралықта қызығушылығымды естіп білген Моңғолияның бір қазағы маған домбыра сыйлады. Басында оны дұрыс құра алмаймын, күр үйде тұратын. Бірде түсімде бір қазақ ақсақал маған домбырасын сыйлап, «Ал, балам, тарта қой» деді. Оянан соң, домбыраны қолыма алып, өз бетімше тарта бастадым. Сол сәттен бастап қызығушылығым бұрынғыдан тіпті арта түсті. Алдымен ең оңай туындыларды тартып үйрендім. Абайдың әндерін жаттадым. Кейін термелерді үйреніп алдым. Университетті бітірген соң Түркияның TRT Эрзурум радиосында бір жылдан астам уақыт жұмыс істедім. Онда эфирде қазақтың әндерін айтып, күйлер туралы аңыздарды әңгімеледім. Домбыра туралы да бар білгенімді айтатынмын.

– Әзербайжандағы жұмысыңызда да домбыра туралы кеңінен насихаттаған екенсіз...

– Иә. Кейін Әзербайжанға көшіп, ондағы түрік мектепте жеті жылдай жұмыс істедім. Онда да балаларды домбыра тартуға баулыдым. Тіпті, Қазақстанның әнұранын үйреткенім бар. «Қазақтарды көріп қалсаңдар, олар туралы білгендеріңді айтыңдар» деп айтатынмын. Сабақтарым арқылы олардың жүрегіңде Әзербайжан, Түркияға деген сүйіспеншілікті арттырып қана қоймай, Қазақстанға да қызыға қарауды үйреттім десем, артық айтпаймын. Олардың жастайынан қазақтардың түбіміз бар, туыс ел екенін біліп-өскенін қаладым. Бірнеше оқушым қазақтармен шетелде кездесісоқ кездесіп қалғанда, халқы туралы бар білетінін айтып, артынша жақындаса түскенін айтқан-тын. Айтпақшы, сол Әзербайжанда жүргенімде домбыраның арқасында болашақ жарыммен таныстым. Өзі – Алматының қызы. Руы – Найман. Ол мені YouTube арқылы таныған екен. Кейін әлеуметтік желі арқылы таныстық жалғасты. Екеуіміз бес-алты жылдай дос болып жүрдік. Кейін ол Әзербайжанға конференцияға келді. Сол уақыттан бастап көңіліміз жарасып, кейін шаңырақ көтердік. Ол «Өзім домбыра тарта алмасам да, домбыраға, қазаққа деген құрметіңді ерекше бағалаймын» дегенді үнемі айтады. Бүгінде Бекетай деген ұлымызды тәрбиелеп отырмыз. Ұлымыздың есімін Махамбет Өтемісұлы мен Дина Нұрпейісқызының туған жері – Бекетай құмына байланыстырып қойдық. Үйленер алдын сүйікті жарыма мәңгі есте қалатын

сый жасағым келіп, қазақша-түрікше «Сәулет» атты туынды жаздым.

Негізгі мақсаттарымның бірі – домбыраның керемет аспап екенін сырттағы көпшілікке көрсету. Домбырада тек қазақ әндерін ғана емес, бүкіл түркі әлемінің музыкасын ойнауға болатынын дәлелдеп жүрген жайым бар. Түрік, әзербайжан, түркімен, ұйғыр, өзбек, қырғыз, ағылшынның әндерін домбыраға «келтіріп», орындап жүрмін. Ара-тұра импровизация жасаймын. Ерекше айта кетерлігі, домбыраның арқасында көп сахнаға шығып, көп елді араладым. Еуропа, Кавказ, Грузия, Иранда болдым. Қазақтың домбырасын ерекше құрметтейтін адамдар маған да құрмет көрсетті. Мені Құдайындай сыйлап, төріне отырғызды.

Қазір Түркияның көп қаласында студенттер бар. Олар домбыраны жақсы меңгерген. Олар домбыраны үйрену арқылы дәстүрін сыйлап, мәдениетіне ерекше ықылас танытады. Біз қазақтар секілді домбыраны ешқашан жерге қоймаймыз.



шасын салып жібереді. «Саған домбыра не үшін керек?» деп біреуінен сұрасам, «Нересі несі? Біз домбыраның үніне ғашықпыз» дейді. Ағылшында soft power, қазақша айтқанда жұмсақ күш деген ұғым бар. Домбыра да – сол жұмсақ күштің бір тетігі. Домбыра арқылы қазақ мәдениетіне қызыққандардың қатары артып келеді. Василий Радлов деген орыс түркологының мына бір айтқаны есімде қалып кетті. Ол «Біз негізінде Еуропада туып-өскен Моцартты, Шопенді, Бахты білеміз. Алайда қазақтың кең даласында туып-өскен, біз есімін білмейтін музыканттар жетерлік. Далада туып-өскен олар шығармаларын далаға қалдырып кетті. Нотаға да түспеді, кітапқа да жазылмады» деген екен. Мен Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәтімбет сияқты ұлы күйшілерді Моцарттан кем емес, тіпті өнері жағынан жоғары тұлғалар деп бағалаймын.



ЕРЕКШЕ АЙТА КЕТЕРЛІГІ,
ДОМБЫРАНЫҢ АРҚАСЫНДА КӨП
САХНАҒА ШЫҒЫП, КӨП ЕЛДІ
АРАЛАДЫМ. ЕУРОПА, КАВКАЗ,
ГРУЗИЯ, ИРАНДА БОЛДЫМ.
ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРАСЫН
ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТТЕЙТІН
АДАМДАР МАҒАН ДА ҚҰРМЕТ
КӨРСЕТТІ. МЕНІ ҚҰДАЙЫНДАЙ
СЫЙЛАП, ТӨРІНЕ ОТЫРҒЫЗДЫ.

дарын жазамын. Бұйырса, жақын арада кітап та жарыққа шығады.

– Қазақшаны домбырадан бұрын үйрендіңіз бе, әлде?

– Алдымен домбыраны үйрендім. Кейін домбыра туралы кітаптарды оқып жүріп, өз бетімше қазақ тілін де үйреніп алдым. Университетте сабақ кезінде ең соңғы партаға отырып алып, қазақша үйренетінмін (күліп). Сөйтіп жүргенде, бір-екі сабақтан оқу үлгерімім нашар болған (күліп). Себебі ән мен күй, термелерден өзге нәрсеге зауқым соқпады.

– Қай туындыны көп орындайсыз?

– Түркиядағы көпшілік ноғайдың әндерін сүйіп тыңдайды. Тиісінше, мен де ноғайдың әндерін тыңдап өстім. Таза түрік болсақ та, олардың әндеріне бүйрегіміз бұрылып тұратын. Қазір ноғай әндерін домбырамен шырқаймын. Сонымен қатар дәстүрлі, тарихтан сыр шертетін әндерді орындағанды құп көремін. Халық әні «Мұхид-Шайбанды» сүйсініп орындаймын. Қазтуған жыраудың қазақ пен ноғайға ортақ тарихи жағдайды суреттеген, шамамен 500-600 жыл бұрын жазылған «Қайран да менің Еділім» туындысы да жү-

Бас редактор Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ, Наурызбек САРША, Ділда УӘЛИБЕК, Ахмет ӨМІРЗАҚ (Алматы қаласы) Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Елдар ҚАБА (беттеуші-дизайнер) Корректор: Саягүл САПАРҚЫЗЫ Нөмірдің кезекшісі: Наурызбек САРША • Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Сипеті көшесі 30, төл.: 8(7172) 99-77-77 • Телсырыс: №10200. Тақырымы 5762 Көлемі 4 б. т.	Бағасы келісім бойынша	Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1 Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.liter@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39 podpiska.alt@gmail.com • Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді • Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды © «Түркістан» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Суреттердің сапасына редакция жауап береді © Мақалалар коммерциялық негізде басылды • Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №КЗ200VPY00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген. Индексі: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.
--	---	--------------------------------------	---